



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

# JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет  
2005 жылдың  
7 қаңтарынан  
шыға бастады

№38

(922)

7 қазан

2022 жыл

## БАЙЛАМ

# «ХАЙП» ЕМЕС, БАЙЫП КЕРЕК

Әңгіме  
қазақстандық  
блогердің  
спутниктен  
түсірілген фотоны  
жариялап,  
еліміздегі  
мұздықтар еріп,  
келешекте  
суға деген  
тапшылықтың  
ақыры араздыққа  
ұластырады  
деген пікірі  
хақында.

Рас, елімізде  
мұздықтардың еруі,  
судын басым қоры  
сырттан келетіні  
блогердің байбаламына  
дейін де басы ашық жайт  
болатын. Блогер һәм  
журналист К.Павлов  
Іле Алатауының  
мұздықтарын Таразға  
жакын тұсынан түсіріп  
алған. 2017 жылғы  
және биыл түсірілген  
суреттерді қарағанда,  
айырмашылық бірден  
көзге көрінеді: арада  
өткен бес жылда  
мұздықтар еріп, қожыр-  
қожыр жартастар  
жалаңаштана бастағанын  
байқайсыз.

(Жалғасы 5-бетте)



## БІЗДІҢ СҰХБАТ

Парламент Сенатына биыл құрылған үш облыс: Абай, Жетісу, Ұлытаудан да депутаттар қосылды. Сайлау арқылы мандатқа ие болған халық қалаулыларына артылатын жүк те, сенім де зор. Жаһанның жүрек қағысы жиілеп, ыстығы көтеріліп тұрған дәл қазіргідей алмағайып заманда үш бірдей облыс құрып, өңірдің әлеуетін нығайтуға күш салу орынды екенін уақыт безбендейді. Абай облысынан Сенат депутаты атанған Бақытжан Байахметовтың Семей қаласының әкімі лауазымын атқара жүріп те, елге сіңіретін еңбегі көп еді. Өйткені киелі қалаға бір жылдан аса мерзім ғана басшылық етті. Он төрт айдың ішінде қандай шаруаны еңсергенін су жаңа Сенатордың өзінен сұрап білдік.



Бақытжан БАЙАХМЕТОВ, Сенатор:

## АЙНАБҰЛАҚ ПЕН САМАЙ ТҰРҒЫНДАРЫ ТІЛДЕЙ ҚАҒАЗДЫ 9 ЖЫЛ КҮТУІ ТИІС

**Jas qazaq:** Бақытжан Кәкенжақыұлы, алғашқы сұрағымызды Үкімет басшысына жолдаған депутаттық сауалыңызға қатысты қойсақ. Өзіңіз көтерген Айнабұлақ ауылдық округі мен Самай елді мекенінің жағдайы қалай қазір?

**Бақытжан БАЙАХМЕТОВ:** Бұл екі ауыл бұрын Абыралы ауданына қарады. Кейін іргелендіру кезінде Семей қаласына қарады. Семей қаласына жалпы 12 ауылдық округ, бір кент қарайды.

(Жалғасы 3-бетте)

## ЖОБА

# БӘРІНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА



Jas qazaq  
газеті мен  
Chevron  
компаниясы  
ұйымдастырған  
ерекше  
жандарды  
журналистика  
жанрларын  
меңгеруге  
бейімдейтін  
жоба мәреге  
жетті.

(Бұл туралы  
8-беттен  
оқи аласыз)

## ЭССЕ-ЕСТЕЛІК

# ҰМЫТЫЛМАС ҮШ ҚАСІРЕТ. 1986 ЖЫЛ ЕДІ...

1985 жылдың  
23 маусым  
күні атқылаған  
отбұрқақ  
1986 жылдың  
27 шілдесінде,  
398 тәуліктен  
соң бұғатталды.  
№37 мұнай  
ұңғымасының  
басына  
өздерінің арнайы  
жабдықталған  
9 автокөлігімен  
келген  
америкалық  
«Шеврон» мұнай  
компаниясы мен  
канадалық «Отис»  
лифт компаниясы  
апаттың ақырғы  
нүктесін қойды.



(Бұл туралы 7-беттен оқыңыз)



## БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)  
**93,50**

DOLLAR  
**470**

EURO  
**459**

РУБЛЬ  
**7,3**

СІЗДІ ҚАРСЫ АЛУ –  
БІЗ ҮШІН БАҚЫТ

Орталық Азия мен ТМД-дағы  
ең үздік әуекомпания

air astana



ПРЕЗИДЕНТ САПАРЫ

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы аптада Қарағанды және Павлодар облыстарына арнайы сапармен барды. Қос аймақтың тұрғындарымен кездесіп, алдағы уақытта дамытуға басымдық берілетін бағыттарды атап көрсетті.**

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫН ДАМУ

Бұл өңірде шешімін таппаған түйткілдің бірі — жол мәселесі. Осы бағытта «Қарағанды — Балқаш» және «Балқаш — Бұрылбайтал» тасжолының құрылысы келесі жылы, ал «Қарағанды — Қарқаралы» тасжолын жөндеу жұмысы алдағы екі жылдың ішінде аяқталуы тиіс.

Облыстағы тау-кен және металлургия өнеркәсібі еліміздің экономикалық әлеуетін дамытуда айрықша орын алады. Мұнда республикадағы мыстың тең жартысы, көмірдің үштен бірі, болаттың 85 пайыздан

мол өндіріс жобалары жүзеге асырылып жатыр. Олар шетелдік компаниялардың өндірісін көшіретін алаңға айналуы тиіс. Үкіметке «Саған» индустриялық аймағының инфрақұрылымын қалыптастыруды 2023 жылы аяқтауды тапсырамын», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Балқаш жағалауын дамыту жоспарын әзірлеп, Балқашқа ұшатын ұшақ билетін субсидиялау және қосымша әуе және теміржол рейстерін ашу мүмкіндігін қарастыру Балқаш қаласының туристік әлеуетін сөзсіз арттырады.

Мемлекет басшысы экология, өндірістегі еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сумен қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығын дамыту мәселесіне тоқталды. Облыстағы 176 ауылда таза су жоқ. Биыл 37 елді мекенге таза су беріледі. Осы тұста, басқа ауылдарды да уақыт созбай сумен қамтуды тапсырды. Алдағы 3 жылда Қарағанды өңірінде 28 мыннан аса балаға арналған жаңа мектептер

логистика саласын дамытуға мүмкіндік бермей отыр. Президент Үкіметке жыл соңына дейін «Павлодар — Астана» бағытындағы тұрақты әуе қатынасын қалпына келтіруді тапсырды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыру аясында Павлодар облысында алдағы 3 жылда 10 мектеп салынады.

Павлодардың трамвай жүйесін дамытуды жалғастыру, пойыздарды жанарту жұмыстарын жеделдету және облыс орталығында көпфункционалды мұз сарайын салу мәселесін пысықтау маңызды.

Мемлекет басшысы Павлодар алюминий зауытына барды. Бұл жерде бастапқы алюминийден бастап алюминий радиаторларына және автомобиль дискілеріне дейінгі түрлі өнім қамтылған. «Қазақстан алюминийі» АҚ 8 мыңға жуық адамды және олардың отбасын тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіп, олардың әлеуметтік жағдайына көңіл бөліп отыр. Президентке компанияның әлеуметтік міндеттемелерін орындау барысы, оның өңірлердегі «Халықтың бюджетке араласуы» бастамасы, жергілікті тұрғындардың әлеуметтік түсінігі мен проактивтілігін арттыру, инновациялық қызмет үшін жағдай жасау және бизнестің

Әлеумет.т<sup>0</sup>

БӨШКЕДЕГІ ТЕКЕТИРЕС

Кеше «қара алтынның» құны 93 доллардан асты. Бұл өткен айдағы бағадан 11 долларға артық. Бұған сәрсенбі күні Венада өткен ОПЕС+ (*Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы мен оған кірмейтін мемлекеттер қауымдастығы*) жиынында алынған шешімнің ықпал еткені анық. Осы басқосуда энергетика министрлері бір ауыздан өндіріс мөлшерін тәулігіне 2 млн баррельге (*1 баррель — 159 литр*) азайтуға уағдаласты.

ОПЕС+ құрамында біздің еліміз де бар. Австрия астанасындағы кездесуге энергетика министрі Болат Ақшولاков қатысты. Қазақстан алдағы қараша айынан бастап тәулігіне 1,628 млн баррель қара май өндіру жөнінде міндеттеме алды. Айта кеткен жөн, қыркүйектегі көрсеткіш 1,710 миллион еді. Көрініп тұрғандай, бөшкедегі (*159 литр*) май ернеуден сәл ғана төмендейді. Есесіне, Brent маркалы мұнайдың әлемдік нарықтағы орташа бағасы 90 доллардан жоғары болады деген болжам бар. Қазына қоржыны дәл осы қара майға қарайлайтыны әркімге белгілі. Содан болар, Үкімет биылғы бюджеттің есеп-қисабын жасағанда «қара алтын» құны 90 доллар болады деп жоспарлаған. Сол есеп қиыс кетпесе, биыл Ұлттық қорға 3,9 трлн тенге түсуі тиіс. Басқасын былай қойғанда, мемлекеттің түрлі әлеуметтік міндеттемелері бар екенін ескерсек, тиімді баға бізге ауадай қажет.

Бірақ дүрбеленге толы дүниедегі қазіргі геосаяси ахуал әлгі бөшкедегі текетіресті де өршітіп тұр. Бейнелеп айтсақ, саясат шокларымен соққылап, нарықты өз дегеніне көндіруге тырысу белен алып барады. Бұл тауарға шекті баға белгілеу (*капитализмге мүлде жат құбылыс*), тасымал жолдарын бөгеу, табиғи газ толы құбырды жару, отын импортынан бас тарту сияқты саяси сипаты басым әрекет арқылы көрініс табуда. Таяқтың екінші ұшы өзіне тиіп, зардабын тартып жатқандар бар. Айқайға қиқу қосып, третатунбергтерді қолдан қаһарман жасап, дәстүрлі қуат көзін тәрк еткен, атом және көмір стансаларын жауып, іргедегі орыстан келетін «көгілдір отынның» орнына мұхиттың арғы жағынан жеткізілетін қымбат сұйытылған газды жөн көрген Кәрі құрлықтың бүгінгі мүшкіл халі осыған айқын дәлел.

ОПЕС+ шешімі мұхиттың арғы жағындағы алып мемлекетті де әбіржітіп тастады. Бензин тағы да қымбаттауы мүмкін. Биыл көліктегі отын құны шарықтап, тұрғындардың наразылығын туғызды. АҚШ президенті Жо Байден Сауд Арабиясына барып, осы елдің басшылығымен мұнай өндірісін арттыру жөнінде келіссөз жүргізді. Бірақ үміті ақталмады. Тығырықтан шығу үшін стратегиялық қордағы «қара алтынға» қол салуға мәжбүр болды. Осыдан кейін баға тұрақталған сияқты еді. Енді әлгі қордан тағы да мұнай алуға тура келеді. Олай етпесе, алдағы қарашада өтетін Конгресс сайлауында демократтардың жеңіске жетуі екіталай.

Ғаламдық көмірсутегі нарығындағы қазіргі аумалы-төкпелі ахуал экономика заңдарының саясатқа бағынбайтынын тағы да көзге шұқып көрсеткендей.

Срайыл  
СМАЙЫЛ



Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДА  
ЕҢБЕК АДАМЫ ЕҢ БІРІНШІ  
ОРЫНДА ТҰРАДЫ



астамы өндіріледі. Президент биыл шілдеде өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында өңдеу саласындағы инвестициялық жобалардың пулын жасақтау қажеттігіне баса мән бергенін еске салды.

Қарағандыдағы өндіріс ошақтарының едәуір бөлігі 5 монокалада шоғырланған. Облыс халқының жартысына жуығы осы қалаларды мекендейді. Сондықтан қала халқының тұрмыс-тіршілігін ірі кәсіпорындарға тәуелді қылмай, оларға аутсорсинг қызметін көрсететін кәсіпкерлікті дамытуға, инвестиция тартуға, жаңа өнім өндіруге баса назар аудару қажет.

«Қарағандыдағы «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы мен «Саған» индустриялық аймағында бірқатар ірі кәсіпорын іске қосылып, перспективасы

салынады. Президент бұл міндеттердің уақытылы әрі сапалы орындалуына облыс әкімі тікелей жауап беретінін ескертті.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫН ДАМУ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Павлодар облысына сапары барысында бұл өлке өңдеу өнеркәсібі және шикізаттық емес экспорттың көлемі бойынша алдыңғы орында тұрғанын айтты.

Павлодар өңірі үшін Ертіс өзенінің маңызы зор. Президент осы орайда Үкіметке өңірдің суармалы алқаптарына бөлінетін қаржыны көбейтуді тапсырды. Сондай-ақ ол Павлодардың орасан зор транзиттік әлеуеті бар екенін атап өтті. Әйтсе де, Ертістен өтетін ескі көпір көлік-

әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі басқа да жобалар туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Павлодар облысы ұлттың қайта өрлеу орталықтарының бірі екенін атап өтті. «Біз жастардың еңбекке құлшынысын арттыруымыз қажет. Әділетті Қазақстанда еңбек адамы ең бірінші орында тұрады. Себебі отаншылдық, ең алдымен, туған елінің игілігі үшін қызмет ету деген сөз. Ол үшін, әрине, еңбеккор, іскер болу керек. Әркім өз болашағына өзі жауапты екенін жастар бала кезден терең ұғынып өсуге тиіс. Ұлы Абай айтқан «Толық адам» ұғымы — болмысы кемел, көзқарасы терең, көкірегі ояу, еңбеккор адам дегенді білдіреді», — деді Президент.

Талап ТІЛЕГЕН

2022 ЖЫЛҒЫ 20 ҚАРАШАДА  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ ӨТЕДІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ  
КАНДИДАТТЫ ҚОЛДАП ҚОЛ ЖИНАУ

|                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Президенттікке кандидатты қолдау үшін:                                                                                                                                                                                                                                        |
| Сайлаушылардың кандидатты қолдауы олардың қол жинауы арқылы расталады.                                                                                                                                                                                                        |
| Президенттікке кандидатты облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының кем дегенде үштен екісінің атынан теңдей өкілдік өтетін сайлаушылардың жалпы санының кем дегенде бір проценті қолдауы тиіс.                                            |
| Қол жинауды сенім білдірілген өкілдер ұйымдастырады және қол қою парақтарымен ресімдейді                                                                                                                                                                                      |
| Кандидаттың талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін Орталық сайлау комиссиясы екі күннен көшіктірмей қол қою парағының үлгісін бекітеді.                                                                                                                                    |
| Әрбір қол қою парағының рет нөмірі болуы тиіс. Сондай-ақ параққа кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты мен оған сенім білдірген адамының қолы, қол жинаушының тегі, аты, әкесінің аты, қол жинаған елді мекеннің атауы және қол қойған адамдар туралы мәліметтер енгізілуі тиіс |
| Қол жинаушы адам жұмыс барысында кандидаттың сенім білдірген адамының тіркелгені туралы куәліктің көшірмесін көрсетуге тиіс.                                                                                                                                                  |
| Толтырылған қол қою парақтары аумақтық сайлау комиссияларына тапсырылады.                                                                                                                                                                                                     |
| Аумақтық сайлау комиссиясы қойылған қолдардың растығын 5 күн ішінде анықтайды, тиісті хаттаманы рәсімдейді және оны Орталық сайлау комиссиясына жолдайды.                                                                                                                     |
| Қойылған қолдардың дұрыстығын тексеру Президенттікке кандидатқа қажетті нақты қойылған қолдар саны анықталғанға дейін жүргізіледі.                                                                                                                                            |

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы



20 НОЯБРЯ 2022 ГОДА  
ПРОЙДУТ ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

СБОР ПОДПИСЕЙ В ПОДДЕРЖКУ КАНДИДАТА  
В ПРЕЗИДЕНТЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

|                                                                                                                                                                                                                                                        |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Как осуществляется сбор подписей в поддержку кандидата в Президенты                                                                                                                                                                                    |
| Поддержка кандидата в Президенты удостоверяется сбором подписей избирателей.                                                                                                                                                                           |
| Кандидат в Президенты должен быть поддержан не менее чем одним процентом от общего числа избирателей, в равной мере представляющих не менее двух третей областей, городов республиканского значения и столицу Республики.                              |
| Сбор подписей организуют доверенные лица и оформляют подписными листами.                                                                                                                                                                               |
| Образец подписного листа утверждается Центральной избирательной комиссией и выдается в необходимом количестве не позднее чем в двухдневный срок после проверки кандидата на соответствие требованиям.                                                  |
| Каждый подписной лист должен иметь порядковый номер, фамилию, имя и отчество кандидата, личную подпись его доверенного лица, фамилию, имя и отчество лица, собирающего подписи, наименование населенного пункта, в котором производится сбор подписей. |
| А также графы с данными об избирателях, ставящих подписи.                                                                                                                                                                                              |
| Во время сбора подписей лицо, собирающее их, должно предъявить копию удостоверения о регистрации доверенного лица кандидата                                                                                                                            |
| Заполненные подписные листы сдаются в территориальную избирательную комиссию.                                                                                                                                                                          |
| Достоверность подписей проверяется в течение 5 дней, оформляется соответствующий протокол и направляется в ЦИК                                                                                                                                         |
| Проверка достоверности подписей происходит до установления их необходимого количества для кандидата в Президенты.                                                                                                                                      |

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан

Біздің сұхбат

(Басы 1-бетте)

Айнабұлақ ауылдық округіне Самай елді мекені де қарайды. Бұл екі ауылдың орналасқан жері Семей ядролық сынақ полигонының аумағында. Семей қаласының әкімі лауазымына тағайындалған 14 айда мен дәл осы екі ауыл тұрғындарымен төрт мәрте кездестім. Бұрындары әкімдер тұрғындармен бір мәрте ғана кездесу өткізсе, Президент тапсырмасына

тұрғындар төрт түлігін өсіріп, өнімін саудаға шығарып күнелтіп отыр. Су тартылған, әкімдігі бар, келешегі кемел ауыл. Сол ауылдың жерінде сынақ полигоны болған деп созбалаңға сала берген дұрыс емес, тұрғындарды титыктатып жібергенін білгендіктен де, осы депутаттық сауалды Премьер-Министрдің атына жолдадық. Айнабұлақ ауылдық округіне қарасты жердің сынақ полигоны болғанымен, «арада бірнеше жыл өткендіктен, ешқандай залалы жоқ» деген құжаттың ауыл халқына тимеуінің бір себебі жоғарыда сөз еткен Қазақстан Республикасы

қоршалмаған жерді пайдаланып отыр. Сынақ полигоны жабылып, ядролық қарудан бас тартқалы бері де бірнеше іс-шаралар атқарылып жатыр, оны жокқа шығаруға болмайды. **Jas qazaq:** Семей қаласы Абай облысының орталығы мәртебесін алды. Тарихи қаланы жаңғырту жолында атқарылар істер аз емес. Сіз 14 ай қала әкім болдыңыз. Қала басшысы қызметін атқарғанда қандай істерді жүзеге асыруға мүмкіндік болмады? Нендей игілікті істер жүзеге асырылды? **Бақытжан БАЙАХМЕТОВ:** Дұрыс айтасыз, Семей қаласының әкімі қызметін бір жыл, екі ай атқардым. Қызметке кіріскенде ең алдымен жол, жарықтандыру, жылу мәселесі, ауыз сумен қамтамасыз етуді қолға алдық.

аңғардық. 724 шақырымдық қашықтық болатын Семей қаласындағы 1100-ден астам көшенің 50 пайызының ғана сапасы сын көтереді. Қалғаны әлі де жөндеуді қажет етеді. Жол саласын қысқа, орта, ұзақ мерзімді жоспармен жүзеге асыру қажет деп санаймын. Жылуден қамтамасыз етуді, қоғамдық көліктің жетіспеушілігін азайтуды алдымен ойлаған абзал. Тұрғын үй саласында да қордаланған мәселе көп. Жалдамалы және ипотекалық көпқабатты үйлер салу үшін де инвестиция тарту маңызды. Семей қаласына кемінде бес мектеп қажет, қала облыс орталығы болған соң тұрғыны да көбейеді. Ертен әлеуметтік нысандарға деген халықтың сұранысы да артады. Жаңадан салынатын бес мектеп 7 мың баланы қамтитын болады. Қаланың маңайындағы саяжайлардың инфрақұрылымын да жаңартып, жаңғыртуды қағазға түсіріп, құжатын әзірлеген едік. Бұрындары саяжайға тек жазғы маусымда ғана келіп тұратын тұрғындар бүгінде қысы-жазы мекендейтін ұясына айналдырды. Қаладан баспанаға қолы жетпей, қаржысына қысылғандар да осы саяжайдан тұрақ тапты. Олардың да ауыз сумен, электр жарығымен, жолмен, жылумен қамтылуына толыққанды құқығы бар.

# БАҚЫТЖАН БАЙАХМЕТОВ, Сенатор: АЙНАБҰЛАҚ ПЕН САМАЙ ТҰРҒЫНДАРЫ ТІЛДЕЙ ҚАҒАЗДЫ 9 ЖЫЛ КҮТҮІ ТИІС



Жер кодексінің 143-бабында жазылған талап болып тұр.

Семей сынақ полигоны болған және оған іргелес аумақты оның жерлерінің бір бөлігін Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстарының жергілікті атқарушы билік органдарына шаруашылық айналымға беру ескерілген. Оған қоса, кешенді экологиялық тексеру нәтижелері бойынша Семей сынақ полигоны шекараларын жаңарту мәселесі де көтерілген болатын.

Осы шараларды жүзеге асыру мезгілі 2020-2029 жылдар аралығы деп көзделген. Бұл іс-шара 979 мың гектар жерді ауыл шаруашылығы айналымына тартуға мүмкіндік береді және күтілетін уақыт кезеңі тағы 7 жылды құрап, толық іске асырылуы 9 жылға созылады. Сонда біз айтқан Айнабұлақ пен Самай тұрғындары экологиялық сынақ болған жерінің зардабы жоқ, емін-еркін игіліктеріне жарата беріндер деген тілдей қағазға қол жеткізу үшін 9 жыл күтуді тиіс. Бұл нормаға да өзгеріс енгізіп, сараптама жұмысын жеделдете жүргізіп, жоспарды өзгертуге әбден болады. Айнабұлақ ауылдық округінің халқы Семей сынақ полигоны болған жердің 32,6 мың гектар жерін ғана пайдаланып отыр. Бұл дегеніміз — бұрынғы сынақ болып, атам ұтты жайылған жердің 0,03 пайызы ғана! Жарайды, сынақ алаңына айналған бүкіл жерді экологиялық сараптамадан өткізіп, қорытынды шығаруға көп уақыт керек шығар. Онда жеделдетіп, әзірге осы халық пайдаланып отырған жердің сараптамасын шығарып берсек те, орасан қолдау, демеу еді халыққа.

Екі бірдей елді мекеннің жер телімдері қысқа мерзімде шаруашылық айналымға кіргізілсе, шаруашылық жүргізуші субъектілерге агроөнеркәсіп кешенінде субсидиялар мен жеңілдетілген несие түрінде мемлекеттік қолдау алуға мүмкіндік туындар еді және осы елді мекендерде халықтың тұрақтап қалуына, өсіп-өніп көбеюіне де себі тиеді. Мал басын көбейтіп, шаруасын ірілендіргісі келетін азаматтар бар, қолбайлау — жер мәселесі. Бұл ауылдар, тағы да айтамын, қаладан аса

Қаланың экономикалық әлеуетін көтеретін саланың негізгісі — шағын және орта бизнес. Семейдің маңындағы ауылдарда туристік базалар көп, туризмнің тамырына қан жүгіртіп те, экономиканың еңсесін тіктеп, қуатын күшейтуге болады. Қаланың маңындағы елді мекендердің тұрғындары ауыл шаруашылығы өнімдерін: құртын, майын, сүтін, етін, көкөнісін қалаға әкеліп сатады. Жолдың сапасы сын көтермеуі ең алдымен жергілікті тұрғындарды тоздырады. Осы бағытта қалаға жақын ауылдардың да жолын жөндеу, көшелерге жарық тарту жоспары түзіліп, құжаттары әзірленді.

**Jas qazaq:** Сіз Семей қаласының әкімі қызметіне келгенге дейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары, одан бұрын екі бірдей ауданның әкімі қызметін атқардыңыз. Жаңадан құрылған Абай облысының экономикалық әлеуетін көтеретін қай бағыт деп санайсыз?

**Бақытжан БАЙАХМЕТОВ:** Қасиетті топырақ, киелі өлкенің қай бағытын алсаңыз да,



даму перспективасы өте зор. Бұл өңірде жылдан-жылға өндіріс көлемі артып келеді. Шығыстың жері қазба байлықтарға бай. Ақтоғайдағы «KAZ Minerals» компаниясы еліміздегі мыс өндіру мен тау-кен өндірісін дамыту ісіндегі іргелі ұжымның бірегейі. Осы компания да енді Абай облысының экономикалық әлеуетін арттыруға орасан үлесін қосады. Абай ауданында, Абыралы, Бакыршықтың да жерасты кенге бай, Көкпектіде алтын өндіреді.

Қазақстанның геологиялық картасын анық түсіріп, соқырға таяқ ұстатқандай сызатын болсақ, біздің еліміздің әр аймағына инвесторлар келер еді. Оның ішінде Абай облысында да жерасты қазба байлықтарының кені мол. Ауыл шаруашылығы саласын өрістетіп те өнім көлемін артып, халықтың әл-ауқатын көтерудің маңызы зор. Мысалы, егін егіп, бидайды ұнға айналдырып, нанды өзімізде пісірсек, бағасы соншалықты қымбат болмайды. Ал сол нан атасының ұнын сырттан тасымалдап сатып алсақ, оның жеткізу құны, яғни жол шығыны да қымбатқа түседі, жығылғанға жұдырық болып, нанның бағасы да шарықтап шыға келеді. Абай облысында ауыл шаруашылығы фирмалары да жұмыс істеп жатыр. Өзінің өнімдерін сатылымға шығарып, халықты қамтамасыз етіп отыр. Семей қаласында ауыл шаруашылығы техникасын құрастырып шығаратын зауытты, жеңіл өнеркәсіп өндірісін, жүн, тері өңдеу ісін жолға қойып, жандандырсақ, өнімді әлеуеті артады. Мал басының азайуына байланысты кезінде дүркіреген ет комбинаты жабылып қалған еді. Қазір ет өңдеу цехы ашылып, жұмыс істеп жатыр. Ет өңдеу ісі өрістейтін болса, халық та өсірген түлігін өкеліп өткізіп, әлеуетін көтереді, базар аралап, делдалға екі желініп жатпайды. Семей қаласының маңайында, Ертіс өзенінің етегіне технологиясын қондырып, өндіріс орнын ашуға ықыласты инвесторлар да көбейіп келеді.

Үй салуға қажетті құрылыс материалдарын да өндіруге, өңдеп шығаруға да әлеуеті жетеді бұл өңірдің. Дамудың деңгейіне жету, көшке ілесу өзіміздің қолымызда, «жөк-жөкпен» жонып отыра берсек, сынап-мінеуден аспасақ, еш қайран болмайды. Абай облысы Семей өңірін қай саласынан алып өрістетемін десеніз де мархабат. Тек сенім мен ерік-жігер қажет.

Сұхбаттасқан  
Қуаныш ӘЛІМЕРЕК



қашық емес. Сайлауды бағдарламамен елді аралағанда Саржал ауылының тұрғындары да осы жер мәселесін айтты. Өйткені бұл ауылдың да жерінде сынақ полигоны жүргізілген. Семей қаласының әкімі қызметін атқарғанда экология, геология және табиғи ресурстар министріне де хат жазып, осы мәселені көтердім. Көзіммен көрген соң, жағдайды жете білетіндіктен де, бұл шаруа онтайлы шешілсе деп депутаттық сауал жолдап, қозғау болса деп күш салып отырмыз. Жер мәселесін онтайлы шешілмесе, ел көшіп, мектеп жабылады. Шаруа қожалықтары байланыс қызметін орнатып берсе, ғаламтор желісі тартылса деген де өтініштерін айтып жүр. Бұл шаруаны да онтайлы шешу керек. Жалпы Семей сынақ полигоны алаңына айналған жерлердің әлі де қауіп басым, радиациялық залалы жоғары жерлер қоршалған, ондай аумаққа жан баласы аяқ басып кірмейді. Жергілікті халық



MEGAPOLIS

Шымкенттегі «Көрме» орталығында жергілікті тауар өндірушілердің көрмесі ұйымдастырылып, бизнес қауымдастық өкілдерінің кездесуі өтті. Қалалық кәсіпкерлер палатасының бастамасымен ұйымдастырылған шараға шаһар басшысы М.Әйтенов, «Атамекен» ҰҚП Басқарма төрағасының орынбасары-Шымкент қалалық кәсіпкерлер палатасының директоры Тимур Нақыпбеков, құқық қорғау саласы қызметкерлері, салалық құрылым басшылары мен кәсіпкерлер қатысты.

Үшінші мегаполистің экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі драйвері — кәсіпкерлік саласы. Шымкенттегі жалпы өңірлік өнімінің үштен бір бөлігін шағын және орта бизнес өкілдері өндіреді. Бүгінде қалада 95 мыңнан астам белсенді кәсіпкерлік субъектілері жұмыс істейді.

«Республика бойынша 4-ші орындамыз, 180 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Бұл да, әрине, сіздердің арқаларыңызда. Ең бастысы, қазір кәсіпкерлер үлкен талпыныспен жұмыс істеуі үшін мемлекет тарапынан арнайы құралдар дайындауымыз керек. Мәселен, көршілес өңірлердің азық-түлік сияқты шығарып жатқан өнімдерін қалада терең өңдеуге мүмкіндік бар. Сол себептен біз «Бозарық» деген үлкен агроиндустриялық аймақты ашып жатырмыз. Келер жылы инженерлік инфрақұрылымы 100 пайыз аяқталады. Бізде ең бастысы, екі мақсат бар. Біріншіден, қалада өнімдерді терең өңдейміз. Екіншісі, импортты азайтамыз.



Одан басқа, қаламызда 880 гектарлық 5 ірі индустриялық аймағымыз бар. Оның толымдылығы бүгінгі күнге 90 пайыздан асты. Бұл да қуанышты жағдай. Өйткені инвесторлардың Шымкентке қызығушылығын артқанын көрсетіп отыр. Сол себепті биыл қосымша тағы 2 индустриялық, «Жұлдыз» және Бозарық индустриялық аймағын ашуды жоспарлап отырмыз. Қосымша әлеуметтік-экономикалық аймағымызды (СЭС) тағы 179 гектарға кеңейтіп «Оңтүстік» индустриялық аймағын да ұлғайтамыз. Нәтижесінде 749 гектардан асатын аумақта қосымша индустриялық аймақ ашамыз», — деді қала әкімі Мұрат Әйтенов.

Шаһар басшысының айтуынша, мемлекеттік бағдарламадан басқа «Іскер қала» атты жоба қолға алынған. Оның мақсаты — тұралап қалған өндірістерді жаңғырту, нарықтағы шағын және орта кәсіпкерліктерді қолдау. Токтап тұрған үлкен өндірістердің иелерімен келісіп, оны жалға беру. «Бірінші жылы шығынның 75 пайызын жергілікті бюджеттен өтеп береміз. Екінші жылы 50 пайыз, үшінші жылы 25 пайыз. Қосымша айналма қаражатқа 1 пайыздан 10 миллион теңгеге дейін, екіншісі 2 пайыздан 50 миллион теңгеге дейін беріледі», — деді әкім.

Жиында келген Шымкент кәсіпкерлерінің қарасы қалың болды. Бәрі дерлік жұртқа танымал кәсіп иелері. Олар өздері өндірген өнімдері мен тауарларын көрмеге қойып, келушілерге ұсынды. Бұл кәсіпкерлердің басым көпшілігі — шаһар экономикасының алға жылжуына үлес қосып жүрген сала өкілдері. Осы орайда шымкенттік кәсіпкерлердің жеткен жетістіктері де аз емес.

Дәлірек айтсақ, 2022 жылға кәсіпкерлікті қолдауға мемлекеттік бағдарлама аясында 15, 7 млрд теңге қаржы бөлінген. Бүгінде оның 11,1 млрд теңгесі игеріліп, 2998 жобаға қолдау көрсетілген.

Жиында сөз алған Шымкент қаласы кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасының басшысы Береке Дүйсебеков шаһарда жұмыспен қамтылғандар саны да, өнім көлемі де жыл сайын өсіп келетінін алға тартты.

«Жыл сайын мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуына қаржы бөлініп отыр. Былтырғымен салыстырғанда, биыл 30 пайызға артық, яғни 15,7 млрд теңге «Бизнестің жол картасы — 2020», «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламалары шеңберінде бөлінді. Қазіргі таңда 3 мыңға жуық жоба қолдау тауып отыр. Жалпы бұл да мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті дамытуға жасалған мүмкіндіктер. «Жұмыспен қамту жол картасы» деген бағдарлама аясында 1,5 млрд теңге қаражат бөлініп, 129 жоба қолдау тапты. Негізінен сауда және қызмет саласындағы кәсіпкерлеріміз осы бағдарламаның шарапатын көріп жатыр.

«Іскер қала» бағдарламасының негізгі идеологиясы жеңілдетілген несие берудің жаңа тетігіне негізделген. Токтап қалған кәсіпорындарды қайта жандандыру үшін мемлекет әр жылы жалгерлік ақысын өтеп береді. Бұл тоқтап тұрған кәсіпорын үшін таптырмас мүмкіндік. Қазір 10-ға жуық жоба жүзеге асуда. Соның арқасында 120 жана жұмыс орны құрылды. Мысалы, «Қайнар май» ЖШС қанша жыл жұмыс істеп келіп, тоқтап қалған болатын. 10,5 мың шаршы метр ғимарат бос тұрған еді. Сол жерді 100-ге жуық шағын кәсіп иесіне бөліп беріп, оларға да мүмкіндік жасап беру туралы бастама көтердік.

Одан соң, өздеріңізге белгілі, қаламызда қорғасын зауыты бар. Бүгінде ондағы қалдықтарды қайта өңдеп, орнын босатып жатыр. Босаған жерге 2 инвестордың есебінен жанадан өндірістік алаң құрылысы басталды. Биылғы жылы 27 мың шаршы метр өндірістік алаң салынып, онда 100-ге жуық өндіріс орны

орналасады. Келесі жылы 100 мың шаршы метрден астам өндірістік алаң салынады. Көп жылдық экологиялық мәселеміздің шешімін осылай таппақпыз. Екінші жағынан, шағын және орта бизнестің ары қарай өркендеуіне үлкен мүмкіндік туып тұр», — дейді Береке Талғатұлы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Шымкент қаласына келген кешегі сапарында шаһарымыздың инвестициялық мүмкіндігі артып келе жатқанын айтты. Осы орайда басқарма басшысы биыл қалаға 195 млрд инвестиция тартылғанын жеткізді. «Қазір жыл сайын инвестиция көлемі 25-30 пайызға артып келе жатыр. Биылғы жылдың өзінде 535 млрд теңге жоспарлағанбыз, соның 236 млрд теңгесі орындалды. Жыл соңына дейін 530 млрд инвестиция тартылады деген сенім бар. Былтырғымен салыстырғанда, 2,7 есеге артық.

# ІСКЕР ҚАЛАНЫҢ КӘСІПКЕРЛЕРІНЕ ҚОЛДАУ КӨП

## «БОЗАРЫҚ» ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҚ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Шымкентте ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдейтін өндірістік аландарды дамыту бағытында «Бозарық» тамақ өнеркәсібі индустриалды аймағы құрылуда. Жалпы 1500 жұмыс орындық, жалпы сомасы 23 млрд теңгені құрайтын 21 жоба іске аспақ.

Бүгінгі таңда аумағы 133 гектар аймақта инженерлік инфрақұрылым жүйелерінің құрылысы жүруде. Қала әкімі аталмыш аймаққа арнайы барып, құрылыс жұмыстарының барысын тексерді.

Мұнда қазір 15 шақырымдық суаққы жүргізу жұмыстарының 12 шақырымында аяқталған. Осы жылдың маусым айында ауыз су жүйесін тарту жұмысы басталған. 19,3 шақырымды құрайтын электр желілері тартылуда.

Индустриалды аймақты инженерлік-инфрақұрылыммен қамту толығымен 2023 жыл соңына дейін аяқталады.


## «СТАНДАРТ» ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҒЫ АШЫЛАДЫ

Шымкент қаласындағы Абай ауданынан «Стандарт» индустриалды аймағын ашу жұмыстары басталған. Жоба Мемлекет басшысының 2025 жылға қарай өңдеу өнеркәсібінің экспортын 1,5 есеге көбейту бойынша берген тапсырмасына орай жүзеге асуда. Бұл туралы қала басшысы Мұрат Әйтенов өзінің кезекті есептік жиынында айтып өтті. «Қазірдің өзінде Абай ауданында ірі және орта кәсіпорындар саны 33-ке жетті. Бизнес объектілерінің артуы — қаланың экономикасы мен жалпы қаржылық дамуына оң ықпал етпек. Индустриалды аймаққа 30 млрд теңгеден астам инвестиция тартуды жоспарланған. Осы арқылы жұмыссыз жүрген 3 мыңға жуық азаматты жұмыспен қамтитын мүмкіндік туады», — деді М.Әйтенов.

Абай ауданының бюджеті 5 жыл бұрын 22,6 млрд теңге болса, биыл бұл көрсеткіш 5 есеге



артып, 110,8 млрд теңгеге жетті. Қаржының басым бөлігі денсаулық, білім салалары мен әлеуметтік көмекке жұмсалған. Ауыз су, газ, жарықпен қамту, жол салу жұмыстары да күн тәртібінен түскен емес.



## ИМПОРТҚА ТӨУЕЛДІЛІКТІ АЗАЙТАТЫН ЖАҢА ЖОБАЛАР

Шымкент қаласы әкімі М. Әйтеновтің төрағалығымен өткен кезекті инвестициялық штаб отырысында ZOOM платформасы арқылы қосылған кәсіпкерлер жана инвестициялық жобаларын таныстырып, олардың өңір және ел экономикасына тиімділігі жөнінде ұсыныстарын айтты. Олар:

- «Агрополимер» ЖШС — полипропилен жібін шығармақ. Өндірісті 2023-2024 жылдары іске қосу жоспарда. Инвестиция көлемі 1,94 млрд теңгені құрайтын жоба нәтижесінде 41 адам жұмыспен қамтылады. «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағынан 2 гектар жер беруін сұрауда. Жоба мақұлданды.
- Сутегі асқын тотығын өндіретін «HYDROGEN ENERGY» ЖШС — 4 млрд теңгені құрайтын инвестициялық жоба 2023—2024 жылдары жүзеге асуы нәтижесінде 30 адамды жұмыс орнымен қамтымақ. Жылына 8 мың тонна өнім өндіруге қауқарлы. «Оңтүстік» АЭА-дан 2,4 гектар жер телімін беру мақұлданды.
- Монтаж көбігін өндіретін жобаның құрылысын биыл бастау жоспарланған. 250 млн теңгелік инвестициялық жоба нәтижесінде 20 адам жұмыспен қамтылады. «Оңтүстік» АЭА-дан 0,3 гектар жер теліміне сұраныс білдірген «BERPER GROUP» өндіріс орны жылына 30 мың дана құты шығару мүмкіндігіне ие.
- Минералды тыңайтқыштар мен агрохимикаттар өндіретін жана жобаның құны — 450 млн теңге. «Ана Жер» ғылыми-өндірістік бірлестігі құрылыс жұмыстарын кезек кезеңімен 2022-2025 жылдарға жобалап отыр. Жылдық қуаты — 300 мың литр. «Жұлдыз» индустриалды аймағынан 1 га жер берілді. Инфрақұрылыммен қамту жөніндегі өтінішін де қала басшысы мақұлдады.
- Экономиканың қуатын арттыратын әрі импортқа тәуелділігін азайтуға септігін тигізетін бірегей жобаларда бюрократиялық кедергілерге жол бермеудің маңыздылығына тоқталған М.Әйтенов, әрбір жобаның іске асырылу барысы жіті бақылауда болатынын жеткізді.

Мәдлір КЕНЖЕБАЙ,  
Шымкент

## ҚАРТТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Шымкентте зейнеткерлерді сауықтыруға арналған «Белсенді ұзақ өмір» орталығының тағы бір бөлімшесі ашылды. «Халықаралық қарттар күніне» орай ашылған нысанның ресми салтанатына шаһар басшысы М.Әйтенов қатысып, ардагерлерді мерекелен қуттықтады.



Қала әкімі құттықтау сөзінде жылы лебізімен қатар, қарттарға мемлекет тарапынан көрсетілетін қамқорлық пен көмектің көлемі жыл сайын артып отырғанын және бұл жұмыстар ел Президентінің саясатында басым рөл атқаратын бағыттардың бірі екенін жеткізді.

Жанадан ашылған бөлімше Қаратау ауданы, Жібек жолы көшесі, 22/1 учаскесінде орналасқан. Жартылай стационарлық жағдайда екі ауысым бойынша 140 азаматқа дейін қызмет көрсетіледі. Ардагерлер мұнда дәрігерлік тексеруден өтіп қана қоймай, АРТ терапия, әсемдік жасару терапиясы, қараоке зал (ан айту), хореография, йога, еңбек терапиясы, инемен емдеу терапиясы, емдік дене шынықтыру сияқты сауықтыру шараларынан өтеді. Сонымен қоса, бос уақытты ұйымдастыруға арналған бильярд, теннис, садақ ату, бассейн, массаж, тренажерлық қызмет түрлері де қарастырылған. Жалғызділікті жандарға арналған 8 сағаттық жартылай стационар да жұмыс істейді.

«Белсенді ұзақ өмір» орталығының бөлімшелері қаладағы 4 ауданның үшеуінде Әл Фараби, Еңбекші және Қаратау аудандарында ашылған. Абай ауданы бойынша тағы бір бөлімше келесі жылы есігін айқара ашпақ.



**Шаһар тынысы**

Әлбетте, өңгіме Астана туралы болып отыр. Ол қазір қанатын көңге жайып, жылдам дамып келеді. Көз алдымызда көптеген зәулім үйлер мен ғимараттар бой көтеріп, мегаполистің көлбеті қысқа мерзімде адам танымастай өзгеруде. Қаланың осы өсу қарқынына оның инфрақұрылымы ілесе алып жатыр ма? Астананың сан-салалы тыныс-тіршілігіне қатысты тұрғындардың талап-тілектері қандай? Күз түсе сала қала әкімі Алтай Көлгінов бірнеше шағын аудандарды аралап, көпшілікпен кездесу өткізіп, олардың пікірлерін өз ауыздарынан естіді.

ОН ҮШ МЫҢ ҮЛЕСКЕР ҮЙЛІ БОЛДЫ

Бұл жолы қала басшысы құрылысы ұзаққа созылған «Алтын шар» тұрғын үй кешенінің үлескерлерімен кездесті. Ол бес көппәтерлі үйден тұрады. Үлескерлердің жалпы саны – 1 мың 200-ден астам отбасы. Тұрғын үй 2017 жылы пайдалануға берілуі тиіс еді. Бірақ құрылыс тоқтап қалып, қарапайым халық әуре-сарсанға түскен болатын. Инвестор тартудың нәтижесінде жұмыс қайта жанданып, бүгінде төрт тұрғын үйдің (*бірінші және екінші кезектегі*) үлескерлері пәтер кілтін қолдарына алды. Қазіргі уақытта осы тұрғын үй кешені бойынша соңғы жұмыстар – сыртқы су құбыры, көріз, электр және т. б. желілерді орнату жүріп жатыр екен. Кездесуде тұрғындар лифтілердің жұмысы, ауланы абаттандыру, автотұрақ, әлеуметтік нысандар (*мектеп, емхана*) салу сияқты маңызды мәселелерді айтты. Алтай Көлгінов аталған жұмыстардың кезең-кезеңмен атқарылатынын жеткізді.

Қаладағы осындай 150 тұрғын үйдің 90-ның құрылысы бітіп, пайдалануға беріліпті. Енді қалған 60 нысанды іске қосу биылғы және келесі жылдың еншісінде. Жалпы 16 мың үлескердің қазір 13 мыңы үйлі болды, қоныс тойын тойлады. Әкімнің айтуынша, қалған үш мың үлескердің де мәселесін шешу жоспарлы түрде жүзеге аспақ.

«Нұр Бесік» шағын ауданының тұрғындарымен кездесуде жергілікті халық үй



# ЖАНҒА ЖАЙЛЫ, ЖҮРЕККЕ ЫСТЫҚ ҚАЛА



құжаттарын рәсімдеу, қосымша автобустарды іске қосу, жылы аялдамалар орнату, аулаларды абаттандыру, интернетпен қамтамасыз ету секілді мәселелер сөз болды.

Бұған дейін аталған шағын ауданды ауыз сумен қамту, электрмен жабдықтау, тұрмыстық және нәсер көрізін салу, газ тарту секілді мәселелер шешілген болатын. Мұндағы

үйлердің жартысынан көбі газға көшіріліп, көшелерге жарық жүргізілген. Барлығы 14 көшенің 13-не асфальт төселді.

Қала әкімі тұрғындарының өтінішін ескере отырып, осы шағын ауданда мектеп салу, қоғамдық орындарды абаттандыру мәселелері жоспарға енгізілгенін, ал балабақша бойынша инвесторлар тартылатынын айтты. Бұл жолғы кездесуде де қозғалған проблемаларды шешу мақсатында олардың нақты жұмыс кестесі жасалмақ.

КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫНАН КӨШЕ ТАЗАЛЫҒЫНА ДЕЙІН

Астана сияқты ірі мегаполисте ұсақ-түйек мәселелер болмайды. Көше тазалығынан бастап көлік қозғалысына дейін түгелдей әкімнің бақылауында. Қала мәдениеті көбіне көше тазалығынан көрініс тауып жатады. Сол себепті коммуналдық қызметтер күндіз-түн, қысы-жазы демей, аязды бұранға, жауын-шашынға қарамай тәулік бойы жұмыс атқарады. Биылғы жылдың бірінші қарашасынан бастап «Астана Тазалық» кәсіпорнының жол тазалайтын жұмысшылары мен жүргізушілерінің жалақысын 20 пайызға арттыру көзделіп отыр. Бұдан бөлек, сыйақылар енгізіліп, оның ішінде мереке күндері де ескерілген.

Соңғы үш жыл ішінде «Астана Тазалық» кәсіпорны үшін әкімдік 300-ден астам арнайы техника мен жабдықтар сатып алып, автопаркті айтарлықтай жанартқан. Бір ғана мысал, аталған кәсіпорын құрылған кезде қалада небәрі 500 мың адам тұрса, қазір астаналықтардың саны 1 млн 300 мыңнан асып кетті. Осыдан-ақ коммуналдық қызметтерге артылған міндеттің маңыздылығын білуге болады.

Сонымен қатар астанада көлік қозғалысының кідірісін азайту, жол жүру уақытын қысқарту үшін зияткерлік көлік жүйесін дамыту қолға алынды. Соның арқасында көлік жылдамдығы 18 пайызға ұлғайып, жол жүрудің орташа уақыты 20 пайызға азайды. Ақылды бағдаршамдар кептеліс кезінде онтайлы жұмыс режимін таңдауға мүмкіндік береді. Қаладағы бағдаршамдарың 42 пайызы осындай зияткерлік функциялармен жабдықталған.

Бұған дейін елордада Кешенді көлік сызбасының тұжырымдамасы бекітілген болатын. Бұл халықтың жыл сайынғы өсуін және жолдардағы трафиктің ұлғаюын ескере отырып, қалалық көліктің 10 және одан да көп жылға бірыңғай техникалық пайымын әзірлеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ ол жаңа автомобиль көпірлерінің, көлік-жол айрықтарының санын ұлғайтуды, көшелерді кеңейтуді, жолдарды тесуді, қоғамдық көлікті айтарлықтай жаңғыртуды және т. б. көздейді.

Мысалы, үстіміздегі жылдың жазында Ұлы дала даңғылындағы жаңа көпір бойынша қозғалыс ашылды. Тәуелсіздік даңғылымен Есіл өзені арқылы өтетін тағы бір көпірдің құрылысы келесі жылы аяқталады деп жоспарлануда. Сонымен қатар, соңғы жылдары 400-ден астам көше жөнделді.

ЕЛОРДАДА ЭКОБАҚ ПАЙДА БОЛМАҚ

Тұрғындарға жан-жақты жағдай жасау үшін қала түбіндегі Кіші Талдықөлде экобақ құру жұмыстары басталды. Экобақ жобасы аумақты абаттандыруды, Кіші Талдықөл су балансын сақтай және толықтыра отырып, рекреациялық аймақ құруды көздейді.

Тоғандар жасалып, олар сумен қамтамасыз етіледі. Бұл Кіші Талдықөлдегі су балансын сақтауға, сондай-ақ судың табиғи сүзілуін, экожүйенің биологиялық әралуандығын қалпында ұстауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда саябақтың рельефін жасау мақсатында жерді өңдеу жұмыстары басталып кетті. Жалпы алғанда, мұнда 12 000-нан астам ағаштар мен жасыл желектерді отырғызу жоспарлануда. Бұл аумақта қала тұрғындарының серуендеп, дем алатын жасыл аймаққа деген сұранысы өте жоғары. Саябақтың дизайны мен оның элементтерін жасағанда қоршаған ортаға қамқорлық таныта отырып, табиғи материалдар пайдаланылмақ. Бұл қазіргі заманғы экокөрбанизм талаптарына сәйкес келеді.

Кіші Талдықөлге іргелес жатқан аумақты игеру жоспарланған. Онда әлеуметтік нысандар: мектептер, медициналық орталық, тұрғын үйлер, балабақша және т.б. орналасады.

Үлкен Талдықөл де өзінің экологиялық инфрақұрылымына ие болады. Көл жанынан қорық және орман-сайбақ аймағы бар елдегі ең алғашқы табиғи парк ашылады деп жоспарланып отыр.

Абзал ИБРАГИМ,  
Астана

# «ХАЙП» ЕМЕС, БАЙЫП КЕРЕК

**Байлам**

(Басы 1-бетте)

Дегенмен аттан салып, қоғамды дүрліктіретіндей мәселе емес. Не нәрсенің де байыбына бармай жатып, «сәуегейлік» жасаған блогердің сөзінің қаншалықты жаны бар?

Бәзбіреулер «күн жаумай су болатындай» елімізде мұздықтар ерісе, суға деген зәрулік аңқамызды кептірмейді. Мұздықтардың еруі, қалпына келуі – табиғи құбылыс. Бұл пікірді Қазақ ұлттық аграрлық университетінің гидротехника, мелиорация және бизнес факультеті, су ресурстары және мелиорация кафедрасының меңгерушісі Ербол Саркынов та қосап отыр. «Бұл соншалықты дүрлігетін проблема емес, шүкір деу керек. Қазақстанда жер асты суларының қайнар көзі жеткілікті. Мұздықтардың еруінен ауыз судың тапшылығы орын алады деп байбалам салу тіпті де орынсыз. Еліміздің су көзінің 70 пайызы көршілес елдерден келеді. Біз Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстаннан ағып келетін өзен суларын пайдаланамыз. Трансшекаралық келісім жасалған, бәрі заң жүзінде қатталған.

Таудың мұзартындағы мұздықтардың еруін табиғи құбылыс деп қабылдаған жөн. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» дейді қазақ. Уақыт көшімен, мезгіл мезетінде мұздықтар ериді, қайта қалпына келеді. Мұздықтардың еруін, тау басындағы өзен-көлдердің құбылысын зерттейтін арнайы институттар, мекемелер бар. Мамандар үнемі қадағалап, бақылап зерттеу жүргізіп отырады», – дейді Е.Саркынов.

Бұдан гөрі су көзін тиімді пайдаланудың тетігі қалай үйлесім табатынына бас қатырған дұрыс шығар.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та су қорын тиімді пайдаланып, ысырапшылыққа жол бермеу қажеттігін атап көрсеткен болатын. Тіпті тіршілік көзін тиімді пайдалануды үйлестіретін Су ресурстары комитетін экология



министрлігінің құрамында қалатынын, жауапкершілік жүгі ауырлайтынын да нық айтқан-ды. «Су ресурстарын тиімді пайдалану мәселесіне жеке тоқталып өткім келеді. Бұл күрделі болғанымен, шешімдері мемлекет экономикасы мен ұлт денсаулығына айқындаушы ретінде ықпал ететін күрделі әрі стратегиялық маңызды мәселе. Мәселен экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі айналысады. Су ресурстары проблемасымен айналысатын өзге қандай да бір ведомство құрылмайды», – деген Мемлекет басшысының үлкен жауапкершілікті арқалайтын комитетке сенім артуы тегін емес. Өйткені су

тапшылығының қатері төнбейді деп арқаны кенге салуға өсте болмайды. Зерттеушілер 2040 жылға қарай су көздерін тұтыну, қажетсіну көрсеткіші 50 пайыздан асады деген пікірді алға айтып отыр. Трансшекаралық өзендердің жағдайы да біздің суға деген зәрулігіміздің басты кепілі. Бастауын Қытайдың Қас, Күнөс өзендерінен алатын Іле, мұхитқа құятын Ертіс өзендерінің суын азайту һәм молайту жұңғолықтардың жүрек қалауына байланысты. Сырдария Өзбекстан мен Қырғызстаннан сылдырап ағып келеді. Шу өзені де айырқалпақ ағайындардың территориясынан өтеді. Батысты шыырлап жатқан Жайықтың жай-күйі ормандай

орыстың уысында. Ертістің суы азайса – Зайсан көлі, Іленің аузын буса – Қапшағай мен Балқаш, Сырдарияны сығымдаса – Арал теңізі, Жайықтың жарлауыты құрғаса, Каспий теңізінің суы сарқылады.

Бізде «Су ресурстарын басқарудың 2020-2030 жылдарға арналған бағдарламасы» бар. Онжылдықты қамтитын бағдарлама түзудегі мұрат – трансшекаралық өзендердің тағдыры – тұтастай мемлекеттің тағдыры екенін жете түйсіну. Өйткені су – тіршіліктің қайнар көзі ғана емес, нәрі, қуаты. Сөз басында ысырапшылық делік қой, суды тиімді пайдалану аса маңызды қазір. Біз бұл күнде су көздерінің 68 пайызға жуығын ауыл шаруашылығына жұмсаймыз да, 30 пайыздайы өндіріске құйылады. Шаруашылық-тұрмыстық қажеттілікті өтеуге аз ғана су көзі кетеді. Тіршілік көзін үнемдеп жұмсау дегенді үнемі айтып жүрген жанның бірі – Нариман Қыпшақбаев. Он жылға жуық Қазақстанның су шаруашылығы және мелиорация министрі болған маман трансшекаралық өзендерден алатын судың қорын тиімді пайдаланып, үнемдеу, ысырапшылыққа жол бермеу тапшылық қатерін сейілте түсетінін айтады.

Біз ауыл шаруашылығы мақсатындағы су көзін тиімді пайдаланудың тиімділігін арттыруға күш салғанымыз абзал. Әйтпесе, Н.Қыпшақбаев айтқандай, ірілі-ұсақты каналдар арқылы егіс даласына жіберілетін су көлемінің 20 пайызға жуығы егіс басына жетпей жерге сініп кетеді екен. Бұл каналдардың тозығы жетіп тесіліп, ойылып, опырылып бүлінуінен орын алып отыр.

«Су кодексі» тұжырымдамасын талқылау кезінде де бұл мәселе атаусыз қалған емес. Қалай болғанда да, тұшы суға деген тапшылық тек біздің елдің алқымынан алып отыр деуге келмейді. Осы күнде су мәселесі бүкіл әлемнің мазасын қашырып тұр.

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ



**Денсаулық**

Әдетте, анорексия туралы айтқанда көзімізге мүлтіксіз мүсінін сақтағысы келген жас модель немесе актрисалар елестейді. Өйткені «ашығудың құрбаны» болған жұлдыздар туралы жазбалар ақпарат құралдарында жиі жарық көреді. Ал шындығында, анорексия – күйзелу, жүйкенің жұқаруынан, тіпті тұрмыс тауқыметінен туындайтын ауру. Оған көз келген адам шалдығуы мүмкін.

— Күннен-күнге жүдеп барамын. Тамаққа тәбетім жоқ. Осы орталыққа келген соң ғана үш кило костым. Жо-жоқ, ауру емеспін. Әлсіреп, тез шаршап қалатыным болмаса, — дейді Жәмила ақталғандай болып.

Жәмила 50 жаста. Салмағы — 29 келі. Екі баланың анасы. Сәл түртіп қалсаң, құлайын деп тұр. Сөйлеуге шамасы жоқ.

Қанбақтай әйелді күйеуі емханаға көтеріп әкелген екен. Әрі қарай Алматы қалалық психикалық денсаулық орталығына оны жедел жәрдем көлігі



# АНОРЕКСИЯ ҚҰРБАНЫ

жеткізіпті. Дәрігерлер енді екі күн кешіктіріп әкелгенде ажалдан аман алып қалу екіталай болар еді деп басын шайқап отыр.

Салмағы азайып, азып кеткен әйелдің дерті — анорексия. Денесінде ет жоқ. Терісі сүйегіне жабысып қалған. Ультрадыбысты аппараттың көмегіңсіз-ақ қабырғасын санауға болады. Құлды етін біреу сылып алып тастағандай.

Ку сүйегі ғана қалған шынашақтай әйел дәрігердің жанындағы орындыққа сүйретіліп әрен жетті. Соның өзіне қалжырап қалды. Өңі боп-боз. Дауысы әрен шығады.

Жәмиланың айтқаны мынау: «Отбасында бес бала болдық. Он бірінші сыныпты бітіргеннен кейін тұрмысқа шықтым. Екі балам, күйеуім бар. Ауруханада еден жудым. Отағасы екеуміз Алматыға отыз жыл бұрын көшіп келдік. Пәтер жалдап тұрдық. Балалар есейді. Бірақ біз баспанаға қолымыз жетпеді. Алматыда бәрі қымбат. Тірнектеп тапқан ақшамыз пәтеракы мен ішіп-жеуден артылмады. Ұлдарым есейді. Олардың кедейшілікпен күнелткен күйімізге қатты намыстанып, ренжігенде жүрегім қарс айырылады. Өзекті өртеген өкініш бар. Бірақ тығырықтан шығатын жол жоқ. Уайым мен өмірге өкпем бар. Осындай тауқыметтен киналғанда іштегі дүлей сезім жегідей жейді. Ұйықтай алмаймын. Тамаққа тәбетім жоқ. Окшауланып, ешкіммен сөйлескім келмейді. Туыскандарым да өз күйбең тіршілігімен әуре. Жалғыздық та қажытып жіберді».

Орталықтың бөлім меңгерушісі Надежда Полумыскова айтқанына, Жәмиланы талай жылдан бергі отбасындағы проблемалар, тұрмыс тауқыметінен әбден қажыған.



**Надежда ПОЛУМЫСКОВА, психиатр:**

«Күйзелісі асқынған. Ерімен арадағы кикілжің, жоқшылық әйелдің жүйкесін жүндей түтіп тастаған. Жас кезінде күйеуімен ренжіскенде сірке суын ішкен екен. Оның тамақты талғап жеуі заңдылық. Өйткені ол үрейден арылмаған. Тамақ ішкенде іш құрылысым ауырады деп асты шоқып жейді. Осы кезге дейін отбасымен бірге жалдамалы вагонды паналап келген. Еріктілер қаржы жинап, ері мен балаларын қонақ үйге уақытша жайғастырыпты. Науқас анорексияға шалдыққанын мойындағысы келмейді. Алғашқы күндері біздің мамандар Жәмилаға қасықпен тамақ ішкізін, жас балаша күтті. Оның тіпті қасықты, кесені ұстайтындай қауқары болған жоқ. Психологиялық күйзеліске шалдыққаннан кейін емделмеген. Соның нәтижесінде анорексияға шалдыққан. Қазір дәрі-дәрмектер тағайындап, науқастың салмағын күнде өлшейміз. Нәтижесінде үш кило салмақ қосты».

Алматы қалалық психикалық орталықтың бас дәрігері **Сапар Рахменшеевтің** айтуынша, адамның анорексия дертіне шалдыққанын анықтау ұзаққа созылады. Тәбетін жоғалтып, жүдеп, әлсіздік қажытқан науқас бірнеше дәрігердің көмегіне жүгініп, шипа іздейді. Өкінішке қарай, дерті әбден асқынғанда ғана жедел жәрдем

көлігі немесе туыстары психикалық денсаулық орталығына әкеледі. Біз Сапар Рахменшеевтен анорексияның неден пайда болатынын сұрадық.

— Жалпы анорексия дегеніміз — тәбеттің болмай, салмақтың азаюы. Енді анорексияның түрлері де, себебі де көп.

Біріншісі түрлі аурулардың кесірінен туындайды. Мысалы, онкологиялық немесе инфекциялық аурулар, қант диабетімен ауырған адамдар өз еркінен тыс салмақ тастайды. Оларды осы сала мамандары емдейді.

Екінші түрі — психикалық аурулардың салдары. Үшінші түрі дәрілердің кері әсері етуінен болады. Тағы бір түрі бар. Ол — невроздық, психиатриялық, психикалық аурулардың әсері. Мысалы, өзгелер «семізсін» деп келеке етіп, намысына тиеді. Ондайда жас болсын, кәрі болсын, артық салмақтан арылуға тырысады. Өзін тамақтан шектейді. Ақырында диета ұстауға дағдыланып қалғанын, шамадан тыс жүдеп кеткенін байқамайды.

Егер біз анорексияның себебін аныктасак, оның емі бар.

— Адам өзінің анорексияға шалдыққанын қалай біледі? Себебін анықтау да оңай емес шығар?

— Біздің орталықта бір науқас емделді. Бармаған дәрігері жоқ. Шипа іздеп, емхана атаулының табалдырығын тоздырған. Хирург те, терапевт те қараған. Ең соңында психологтарға келіп, қандай ауруға шалдыққаны анықталды. Тиісінше, ем-домын алды.

Негізі анорексияның үш кезеңі бар. Бірінші кезеңде адам өзіне ыңғайлы диеталарды іздейді. Үнемі салмағын өлшеп отырады. Тамақты тартынып ішеді. Екінші кезеңде олар мүлдем тамақ ішпейді. Окшауланады. Айналасындағы адамдармен қарым-қатынасты доғарады. Себебі олар тамақ жеуге үгіттеген адамдардың кеңесін тыңдамау үшін өз әлемінде өмір сүреді. Олардың салмағы кеміп, мінез-құлқының өзгергенін, өзінен-өзі тұйықталып кеткенін байқауға болады. Үшінші кезең қахексия деп аталады. Ауруға шалдыққан адам 50 пайыз салмағын жоғалтады. Ол кезде ішкі ағзаларда қайтымсыз процесс басталады. Бұлшық еттері тартылып қалады. Оны атрофия дейді. Ішкі құрылысының қызметі күрт төмендейді. Ағзада май мөлшері азаяды. Көзі шүңірейіп, шашы құрғап түсе бастайды. Тырнақтары сынығып келеді, тістері босап, түседі. Тері құрғап, ақшыл тартады, денеге қызыл түсті бөртпелер мен шикан шығады. Қахексия кезінде қан қысымы төмендеп, күш-қуаты азаяды. Науқас әлсірейді. Қахексияның қандай аурудан пайда болғанын анықтап, соған байланысты ем қолданылады. Оларды бізге көбінесе көтеріп әкеледі. Жансақтау бөліміне жатқызамыз.

Егер қахексиялық кезеңде науқас уақытында медициналық көмек алмаса, оның өмірін сақтап қалу өте қиын. Көбінесе қахексия асқынған жағдайда науқастардың 5–20 пайызы қайтыс болады. Сондықтан бұл аурумен ойнауға болмайды.

— Осы дерттен сақтану үшін не істеу керек?

— Анорексияны емдеу үшін психикалық денсаулық сақтау саласы мамандарының көмегі қажет. Біздің орталықтың білікті мамандары науқаспен, оның туыскандарымен жұмыс істейді. Өйткені санасын салмақтан арылу жаулаған адамның ол ойдан лезде бас тартуы мүмкін емес. Сондықтан біздің орталықта психиатрлар, психотерапевт, психолог, терапевт, невропатологтар жұмылып, емделушіге қызмет көрсетеді. Әрине, кез келген аурудың алдын алған жөн. Сондықтан ата-аналар жасөспірім жүдеп, тамаққа тәбеті болмай жүргенін байқаса, онымен ашық сөйлескені дұрыс. Дерек дәрігердің көмегіне жүгіну керек. Біздің орталықта сенім телефондары жұмыс істейді. Психиатрлар кеңес береді. Тағы бір айта кететін жәйт, емделушілер жайлы ақпарат ешқайда жарияланбайды. Құпия сақталады. Сондықтан кез келген дерттің алдын алуға мүмкіндік мол. Тек уақыт жоғалтып алмайсыз.



**Жәзира БЕГАЛЫ, журналист**

**Жаңа кітап**

Алматыдағы руханияттың ордасы Ұлттық кітапхана төрінде ақын, ұстаз, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Тарбағатай ауданының құрметті азаматы Шәмшабану Хамзақызының «Шамшырақ» кітабының таныстырылымы өтті. Салтанатты жиынға Жазушылар одағының басшылары, ақын-жазушылар, әдебиеттанушылар, қоғам қайраткерлері мен БАҚ өкілдері қатысты.



# «ШАМШЫРАҚ»

«Шамшырақ» кітабына автордың бұрын жарияланбаған мақалалары, естеліктері, ой-толғаулары, сұхбаттары, балаларға арналған шығармалары және ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы мақалалар енген. Кітап арқылы оқырмандар ұлағатты ұстаз, қадірлі қаламгер, аяулы жар, ардақты ана Шәмшабану Хамзақызының рухани әлеміне бойлап, тұлғалар өмірі және шығармашылығы, қазақы құндылықтар мен ұлттық тәрбие жайында тағылымы мол мәліметтерге ие болады.

Шәмшабану Хамзақызы 1940 жылы Тарбағатай аймағы ІШәуешек ауданында дүниеге келген. Ата-бабасының атақонысы — Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Ақсуат ауылы. Ол 1955–1959 жылдары Шыңжаң институтының әдебиет факультетінен білім алған. 1959–1962 жылдары Үрімжі қалалық өнеркәсіп техникумында оқытушы, 1962–1970 жылдары «Шыңжаң жастар баспасында» редактор, 1970–1978 жылдары Бұратала облысының Жың ауданында оқытушы, 1978–1984 жылдары Үрімжі қалалық 14-орта мектептің оқытушысы, 1984–1998 жылдар аралығында Шыңжаң Оқу-ағарту институтында әдебиет факультетінде оқытушы болып қызмет істеп, осы оқу орнынан доцент атағымен зейнеткерлікке шыққан.

Шәмшабану Хамзақызы 1956 жылы «Шұғыла» журналында жарық көрген «Тау бұлағы» атты алғашқы өлеңімен-ақ жырсуіер қауымның назарын аударған



еді. Қытайда «Жауқазын», «Ғасыр толғаныстары», «Балаларға базарлық», «Ақжігіт-Айдай» кітаптары басылып шықты. Ал Қазақстанда «Арманның суыртпағы», екі томдық шығармалар жинағы және «Сөз — кесте» кітабы 2017 жылы оқырманға жол тартты. Қазірге дейін автордың өлең және зерттеу мақалаларын қамтыған 11 кітабы жарық көрді. «Тарихқа толы Тарбағатай», «Жыр бесігі — Тарбағатай» жинақтарына өлеңдері енген. Көптеген республикалық газет-журнал, сайттарда өлеңдері мен мақалалары жарияланды. Ол — Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Мерейтойлық «Абай медалінің» иегері. 1993 жылы орта мектеп оқушыларына арналған «Қолданылмалы әдебиет» кітабы ШҰАР бойынша «3-дәрежелі ғылыми нәтиже» сыйлығын алған. «Қазақ балалар әдебиетінің бастау бұлағы», «Бесік жырлары» атты байқауда «Дүниежүзілік тандаулы шығарма» сыйлығын иеленді.

«Шамшырақ» кітабында ақынның шығармашылығы туралы қаламгерлердің де естелігі берілген.

**Думан РАМАЗАН, сыншы:**

«Қытай Халық Республикасында туып-өскен Шәмшабану Хамзақызын өмір сынағы сан мәрте сынады, тағдыр тауқыметін тартты. Сол ауыр сынақтардың бәрінен сүрінбей өтті. Қытайдағы «Мәдениет төңкерісі» кезінде көптеген жазықсыз жандардың қатарында жолдасы — атақты жазушы Зейнолла Сәнікпен бірге қуғын-сүргінге ұшырады, қиындық көрді, жыллады-сықтады, мехнат тартты, азап шекті. Кеудесі мұңға, жүрегі шерге толды. Бәрінен де жазықсыз жапа шегу, жалған жаламен айыпталу қиын болады екен. Сөйтіп, абыроймен істеп жүрген қызметтен шеттетіліп, иалғай ауылға жер аударылып, қаламдарын диқаншылыққа айырбастаған ауыр күндер де бастарынан өтті».



қарап қаламын. Жаңа ғана көргенін жылдам ұмытатын адам үшін сексендегі апаның сергектігі таңсық емей мемене? Көбіне шығармашылық ортада, олардың отбасында қаламдас-замандастарын кекетіп-мұқатып, сынал-мінеп отыратындарды жиі құлағым естіп, көзім көріп жүр. Алайда дәл осы уақытқа дейін апаның ешкімді жамандап, жағымсыз пікір айтқанын естімедім. Өзгелерді күндегісі келмейтін, мәдениеттілігі мен тектілігі ұстазға, ел таныған көрнекті қаламгердің аяулы жарына тән асыл қасиеті. Осы керемет сипат әрқашан байқалып тұрады. Зейнолла ағаның да болмысының осындай екенін аңғаратынбыз. Ал осы үздік үлгіні перзенттері Қанат ағаның да бойынан байқаймын. Нағыз тектілік, текті әулет деген осы ғой, шіркін!».

**Жарқын СӘЛЕНҰЛЫ, «Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қорының» қызметкері:**

«Апаның мені таңғалдырған тағы бір жақсы қасиеті, есте сақтау қабілетінің, жадының мықтылығы. Сонау бала кезден жаттағандары әлі күнге есінде. Абайдан, Шәкәрімнен, Хамит Ерғалиев, Қасым Аманжолов, Қабір Мырза Әлі және т.б ақындардың өлеңдері мен ұлы ойшылдардың сөзін жатқа айта жөнелгенде жалғасын таба алмай, апаның аузына аңқиып қарап қаламын. Жаңа ғана көргенін жылдам ұмытатын адам үшін сексендегі апаның сергектігі таңсық емей мемене? Көбіне шығармашылық ортада, олардың отбасында қаламдас-замандастарын кекетіп-мұқатып, сынал-мінеп отыратындарды жиі құлағым естіп, көзім көріп жүр. Алайда дәл осы уақытқа дейін апаның ешкімді жамандап, жағымсыз пікір айтқанын естімедім. Өзгелерді күндегісі келмейтін, мәдениеттілігі мен тектілігі ұстазға, ел таныған көрнекті қаламгердің аяулы жарына тән асыл қасиеті. Осы керемет сипат әрқашан байқалып тұрады. Зейнолла ағаның да болмысының осындай екенін аңғаратынбыз. Ал осы үздік үлгіні перзенттері Қанат ағаның да бойынан байқаймын. Нағыз тектілік, текті әулет деген осы ғой, шіркін!».

**Мақпал НОҒАЙБАЕВА**



1986-ның жылашар түні, яғни 1985 жылдың 31 желтоқсаны болатын. КСРО Бас хатшысы Михаил Горбачев пен АҚШ Президенті Рональд Рейган бір-бірін ата жау санған екі алып елдің халықтарын теледидар арқылы алғаш рет Жаңа жыл мерекесімен алма-кезек құттықтады. Қайта құру мен демократия аясындағы «жаңаша ойлау идеясы» әлем жұртшылығы алдында осылайша солтанат құрды.

Бірақ жүзі жайдары, сөзі әдеттегідей жарқын КСРО Бас хатшысының көңілінде бір кірбін, бір түйткілдің тұрғанын Кеңес Одағының халқы сезбегенмен, ол америкалық әріптесіне жақсы мәлім-тін. Өйткені алты айдан бері... иә, алты айдан бері Кеңес Одағының мұнайлы Атырау аумағында №37 мұнай ұңғымасынан 4467 метр тереңдіктен атқылаған мұнай тасқыны жер бетінде 300 метрлік көмірсутекті отбұрқаққа айналып, жалын шашып жатқан. Дүлей құбылыс адамның қолынан келген бар амалға бағынбады. Ең қызығы, мұндай тереңдіктен Мексика шығанағынан мұнай сорған америкалықтар техногендік тосын апаттың технологиялық тоқтату тәсілін, оның кәсіби сырын жақсы білетін. Қол ұшын беруге қазір-әзір. Алайда апатты өз күшімен жоймаққа тырысқан намысты кеңестік ғалымдар кеудеге басып, партия басшыларын сендіріп әлкеткенген. Онысынан ештеңе өнбей, әрі-сәрі күй кешкен жайы және бар... Оқиға әуелде Кеңес Одағының тарихында жартылай жабық, жартылай жария түрінде жазылған әрі елеусіз қалатын көп қасіреттің бірі саналған да қойған. Қауіпсіздік күштері де партия басшыларымен кенесе-келісе отырып, әдетінен айнымай төтенше оқиғаның халық арасында жариялық алып кетпеуіне әрекет етті. Осы жылы қазақ өз басынан үш қасіретті оқиғаны өткізді...

1. «ТЕҢІЗ» КЕНІШІНДЕ 398 КҮН. ОТ ШАШҚАН МҰНАЙ БҰРҚАҒЫ



1985 жыл. «Теңіз» кеніші №37 мұнай ұңғымасындағы апат

1998 жылы «Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі ретінде «Теңіз» кенішіне жолым түсті... Ол кезде мұнайлы кеніштің иесі америкалық «Шеврон» компаниясы Атырау аумағында «Теңізшевройл» атанып, қызу іске кіріскен. Орайы келген оң іс-сапар болғандықтан, КСРО мемлекетінің озық ойлы ғалымдары мен

пионерлеріне дейін Қазақстандағы бір жыл жанған жалынды сөндірудің амал-әрекетін ойластырған сол атакты нысанды көруге құмартым. Екіншке қарай, ол ойым орындалмады. Біріншіден, ұңғыма қауіпті нысан саналатындықтан, айналасы кісі өтпейтіндей етіп қоршалған екен. Екіншіден, «Теңізшевройлдің» балансында тіркелмеген өндірістік нысанға баруға рұқсат жоқ. Құлсары қаласының қарт тұрғыны, мұнайшы Тілек ақсақалдың шәй үстінде айтқан әңгімесінен ынта-шынтаммен тыңдаумен ғана шектелдім.

— Отбұрқақпен бір жыл алысты, әй, шамалары жетпеді. Біздің КСРО да қызық қой, апат болған жерге ең алдымен әскерімен бірге танкісін айдап келді, — деген сонда ақсақал күле отырып. — Атты. Түк шықпады. Бір данышпан кеңес беріпті, төбеден ұңғының аузын дәлдеп тұрып, ыстық темір балқымасын құю керек деп. Ол ақылға сыйғанмен, жүзеге асуы мүмкін болмапты. 400 күн арпалысты... Ақыр соңында ұят та болса, америкалықтарға жүгінді ғой. Өзім көрген жокпын, көзімен көрген әріптестерімнің айтқаны: «Ой, қасқа! Америкалықтар біздегі жанып жатқан отбұрқағын жердің арғы бетінде өз елінде отырып-ақ зерттеп, ой түйіп қойғанға ұқсайды». Келген бетте ол мырзалар нән темір қауға сұрапты. Оған күлгендер де бар. Сөйтсе, әлгі қасқалар бес мың метрлік ұңғыманың ішіне амалын тауып, отқа төзімді құбыр салады. Одан әлгі он түйе қатар тұрып су ішетін темір қауғаға кәдімгі топырақты шылап езіп сұйылтып, құбырмен төмен қарай заулатып қуалайды. Бір жылдан астам адамзатқа бой бермеген алапат от жалынын америкалықтар бір сағаттың ішінде сұйық балшықпен-ақ сөндірді де тастады, солай, балам...

Ақсақалдың беріле айтып отырған әңгімесінде шынайы шындықтың дөңегі барлығына күмәнсіз едім. Себебі ол кезде одақтық «Правда», «Известия», «Труд» және «Литературная газета» сияқты басылымдарда мемлекеттік һәм халықтық қасіретті апатты жоюдың сан түрлі қарастырылған жолдары дүркін-дүркін, шегіне жеткізіле жазылды. КСРО Ғылым академиясы мен Сібір Ғылым академиясының академиктерінің, ғылыми қызметкерлерінің, өнертапқыштардың... демократия мен жариялылықтың арқасында ғылыми тұжырымдамалары үзіліссіз басылды.

Тілек атаның байкампаздығы ғой, ауыр танкінің оқ-дәрісінен қайыр болмаған соң, ол әскер құпия түрде атом бомбасына жүгінген. Осыған ұқсас апатты КСРО 1963 жылы Өзбекстанның Ортабұлақ газ кенішінде басынан кешкен. Апат кезінде тұтанып от алған газ жалыны биіктігі 70 метрге көтеріліп, 3 жыл (1064 күн) жанған! Сол кездегі КСРО ҒА Президенті академик М.Келдыштың басқаруымен, СОКП ОК Бас хатшысы Л. Брежневтің мұқият қадағалауымен ұңғымаға қолайлы жақын жерден қазылған 1500 метр тереңдікте ядролық заряд қойылып, жер асты атом жарылысын жасайды. Теңіз кенішіндегі апатты жоюға бір жыл ішінде 3000-дай ұсыныс түссе, соның ең нақтысы жер астына ядролық заряд қойып, атом бомбасын жару еді. Онысз да Семейдегі ядролық жарылыстан көз аспаған Қазақ жерінде, атомдық жарылысты тыю туралы мораторий қарсаңында тағы бір рет ядролық жарылыс жасауға сол кездегі Қазақ КСР Министрлер кеңесінің төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев үзілді-кесілді қарсы шығады. Оның үстіне ғалымдардың өзі де мұндай тереңдіктен атқылаған мұнай ағынының жер сілкінткен жарылыстан кейін қандай өзгеріске түсетініне дүдәмал ойда жүрген...

1985 жылдың 23 маусым күні атқылаған отбұрқақ 1986 жылдың 27 шілдесінде, 398 тәуліктен соң бұғатталды. №37 мұнай ұңғымасының басына өздерінің арнайы жабдықталған 9 автокөлігімен келген америкалық «Шеврон» мұнай компаниясы мен канадалық «Отис» лифт компаниясы апаттың ақырғы нүктесін қойды. Апат кезінде адам шығыны болды. Осы мерзім ішінде 3,4 миллион мұнай, 1,7 млрд текше метр газ (оның ішінде 516 мың текше метр көмірсутегі) жанып кетіп, айналаға 900 мың тонна күл, 850 тонна өте улы меркапан жайылды. Биіктігі 300 метр, ені 50 метрлік от бұрқақтың зиянды ауқымы 400 шақырым радиуска жетті. Аспанда ұшқан жүз мыңдаған қас ажал құшты, сол жылдары Атырау облысы тұрғындарының 50 пайызға жуығы апаттың зардабын басынан өткерді. Экономикалық шығын 1 млрд доллардан асқан дейді...

Мендеш Халелұлы Салихов — Мәскеудің мұнай химия және газ өнеркәсібі институтын, Массачусетс менеджмент университетін (АҚШ) бітірген білікті инженер-мұнайшы. Кезінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ президенті қызметін атқарған жаңашыл азамат. Халықаралық мұнай саласында да бірнеше мекемелерге жетекшілік жасаған. Әйгілі №37 ұңғыма оқиғасы туралы көнігі маман былай дейді:

— Бәрі де сол тездетіп жоспар орындайық деген кеңестік алашапқын науқанның салдарынан болған оқиға. Оның үстіне дәл сол кез «қайта құру» мен «жеделетудің» кезеңі емес пе? КСРО-ның мұнай және мұнай барлау саласында 5000 метрлік тереңдіктен мұнай алу тәжірибесі болмаған. Апатты ұңғымадан

мұнаймен көмірсутегі араласып шықты. Ол дегеніңіз — кәдімгі темір құбырлы былай да кеміріп жеп қояды. Мұнай ұңғымасына арнайы құбырлар қажет еді. Аяқ астынан апат бола қалған жағдайға өндіріс дайын емес, технологиялық айрықша сападағы жабдықтар жоқтың қасы болатын. Ал америкалықтар мен Канаданың «Отис» компаниясы мұндай апатты бастан кешірген, тәжірибе сынынан өткен. Сондықтан да ұңғымаға өздерінің тәжірибесі бойынша аса қиын жағдайда арнаулы превентер қондырғысын орнатып, тереңдікке арнайы құбыр салып, табиғи сұйықты батыл түрде

# ҰМЫТЫЛМАС ҮШ ҚАСІРЕТ. 1986 ЖЫЛ ЕДІ...

айдап, атқылаған мұнай тасқынын тоқтатқаны ақиқат. Ол енді озық технологиялық жетістік әрі компанияның өз құпиясы.

...Баяғыдай емес, 9-10 қабатты үйдің өзіміздің құлағымызға жақын сақырлаған кеңестік лифттен басқа, зәулім қалалардағы биік ғимараттарға лифтімен көтерілген кезде «Отис» жазуы көзіме әркез оттай басылады. Атыраудағы апатты тоқтатқан осы компания ғой деймін іштей. Айтпақшы, тарих, жалпы қоғам кейінгі жылдары «Теңіздегі» сол апатты әлемдік Чернобыль апатымен теңестіріп жүр...

2. «ӘКЕМ СОҒЫСТАН ҚАЙТПАДЫ, ӨЗІМ ТЫҢ КӨТЕРІЛГЕН ЖЫЛЫ ТУДЫМ...»

Демократияшыл Горбачевке АҚШ қол ұшын созды. Теңіз ұңғымасындағы апат жойылды... Алайда 1986 жылдың 26 сәуірінде КСРО аумағында ғасыр апаты — Чернобыль атом электр стансасында ірі техногендік жарылыс болған. Ортақ Отанымыздың басына түскен қасіретті жою үшін тек Қазақстанның өзінен 31 мың, оның ішінде Алматы қаласынан әскери міндетті 17600 адам апат аймағына шақырылыпты. Соның бірі мен едім. Апатты аймақта болған 180 тәуліктің бір күні, бір түні туралы ғана хал-қалерімше қаз-қалпын баяндап көрейін...

...Рудаково, Гомель (*Белоруссия*). КСРО Қарулы Күштерінің Төтенше жағдайда құрылған химиялық қорғаныс әскерлерінің Бас штабы. Ленин бөлмесі. Төрдегі ұзынша үстелде сымдай тартылып отырған екі генерал мен бір полковник, бір майор Қазақстаннан залалды аймаққа небары 5-6 күн бұрын жеткен «сары ауыз» саяси жетекшілермен тәліптіштеп танысулы бастап жіберді. Алдыңғы қатардан ұзын бойлы сылыңғыр лейтенант орнынан тұрды.

— Лейтенант Серікбаев, 1954 жылы дүниеге келдім. Әкем Кенжебек Серікбаев 1885 жылы Жетісу уезінде туған, 1942 жылы Сталинград шайқасында опат болды. Анам — Тәуірбала 1895 жылы туған, 1972 жылы дүниеден өтті...

Орысша тілі өте жатық, анық сөйлейтін жігіттің сөзін ұйып тыңдаған төрдегілер кенет «селк» ете қалғандай секілденді. Жан-жағындағыларды билеп-төстеп, өктем отырған генералдың москалы сол қолын көтерді.

— Стоп, стоп... осы жерден доғарыңыз! Лейтенант, не айтып кеттіңіз... Әлде менің құлағым дұрыс естімеді ме, жолдастар?! Екеніз Сталинград түбінде қайтыс болса, өзіңіз 54-ші жылы тұсаныз... анаңыз 60-тан асқан жасында, яғни зейнет жасында... кімнен бала көтерген? Логика қайда? Кешіріңіз, Алматыдан кеше



1987 жыл. Қаңтар. ЧАЭС. Қазақстандық саяси жетекшілер

ғана келдіңіз, сіздің өзі «шатырыңыз» орнында ма, лейтенант? Әлде бізді ақмақ санағыңыз келе ме?

Генералдың дауысы қатқылдау шықты.

«Шатыры кетті», яғни мөлшерден тыс радиациялық доза алған, ойлау қабілетінен айырылған әскерилерді осылай атайды деген үрейлі қауесетке осы 5-6 күннен бері біздің де құлағымыз үйрене бастаған.

— Жолдас генерал, сөзімнің қоспасы жоқ. Міне, офицерлік билетім, бәрі тайға таңба басқандай етіп осында жазулы тұр. Оқиғаның нақтылығына көз жеткізген генерал, уәж тауып айта алмай, аз-кем мүдірді. «Қазақ әскери комиссариатындағы «маубастарды» әскери дағдымен бір сыбап алған әрі онысы үшін ешкімнен қымсынбаған генерал енді алдыңғы қатардағы судай жаңадан киген әскери киім үлгісі солпиып, «үкім-жауап» күтіп отырған лейтенантка шарасыз көз тастады.

Генералмен қатар үстелде шетке таман жайғасқан, түр-әлпеті азиялықтарға өте-мөте ұқсайтын домалақ жүзді қараторы майор оң қолын көтеріп, генералдан сөз сұрады. Онысы мәселенің мәң-жайын түсіндіріп бермек ниеті екен.

— Жолдас генерал, біздің қазақ халқында «бала асырап алу» деген ата дәстүріміз бар. Бұл жігітті сірә да, жақын туыстары майданда опат болған азаматтың атын сақтасын, ошағының отын өшірмесін деп сәби кезінде өте жақын туыс апасы, майдангердің жесірі асырап алған болуы керек. Солай ма, лейтенент Серікбаев! «Дәл солай, жолдас майор!» деген Серікбаевтың даусы саңқ етті! Генералдың қазақ дәстүріне қатысты уақиғаның байыбына жеткені яки нақты түсінген-түсінбегенін бір құдай біледі... Бірақ, әйтеуір, лейтенанттың «шатырының бүтін» екендігіне көзі жеткен сияқты.

— Келесі кімі?!

Орнынан атып тұрып, өзін таныстыра бастаған бидай өнді қияқ муртты аға лейтенант та генералға тосынсый жасайды деп кім ойлаған?! — Мен, аға лейтенант Ерғазы Асанов, бірінші батальонның бірінші ротасы командирінің саяси істер жөніндегі орынбасарымын. 1954 жылы... — Ерғазы сәл мүдіріп қалып, сөзін жалғалды, — 1954 жылы көрші мемлекетте дүниеге келдім...

Генерал тағы қолын көтерді.

— Жолдас аға лейтенант, баршаға ұғынықты, түсінікті тілмен баянданыз. Сіз әскер қатарындасыз! Азаматтық өмірді Алматыда қалдыра тұрыңыз. Иә, көрші мемлекет... қайсысы — Өзбекстан ба, Қырғызстан ба, Тәжікстан?..

— Жолдас генерал, Қытай Халық Республикасы...

Генералдың көзі атыздай болды!

— Тфу, сайтан алғыр сіздің де әскери билетіңізде солай жазылған ба? — Дәл солай, жолдас генерал, Қытай Халық Республикасы, Іле-қазақ аймағы, Шәуешек қаласы... — Мұндай да бола ма? Қытай Халық Республикасы дейді!.. Қазақстанда бәрі мүмкін-ау... Майор Смағұлов, сіз енді мынаған қандай уәж айтасыз?

Манадан бері түсі жылымай отырған москал паң генерал, оң қолымен үстелді бір қойып қалып, қарқылдап кеп күлсін... Кеңес әскері генералының «саяси жылымық» кезінде Қазақстанға Қытайдан көшіп келген қазақтар туралы хабары жоқ боп шықты! Ленин бөлмесі күлкіге батты. Чернобыль аумағына келіп

кіргелі бері қабағы тұнжырап ашылмай, ой құшып жүрген офицер әріптестерінің жүздері жауыннан кейінгі Алматыдай жарқырап, шайдай ашылды. Алғаш рет жарылып күлгені осы шығар! Алғаш рет...

Айтпақшы, 1986 жылы 30 қараша жарылған 3-энергиялық блоктың төбесіне саркофаг жабылды. Кеңес Одағының басшысы Горбачевтан бастап елдің барлық ядрошы-атомшылары «үң» еркін бір демалғандай еді. Арала 15 күн өткенде Алматыда Желтоқсан көтерілісі бүрк ете түсті...

3. БӨКЕННІҢ  
АРҚАСЫН «ОЙҒАН»  
ЖЕЛТОҚСАННЫҢ  
РЕЗІҢКЕ ТАЯҒЫ

Алматы жабығып тұрған... Күннің көзі де бір ашылмай қойды. Жаңа жылдың (1987 ж.) қарсаңында мерекелік ең бір

сұрғылт құбылыстың орнағанын өз басым алғаш рет осы күндері байқадым. Редакциядағы әріптестердің де көңілдері солғын. Көп шүйіркелеспейміз. Бәрінің бойында әлдеқайдан пайда болған бір үрей елесі жүрді, әйтеуір...

Түс әлетінде бөлмеге Бөкен кіріп келді. Орта бойлы, қыр мұрын, бадырақ көз, шымыр денелі, палуан жүрісті ашық-шашық саңғырлап сөйлейтін ауыл баласы әдетінен жанылмай... «Қалайсың-ей, әйтеуір, мына пәледен амансың ба? Ой, бір қызық айтпаймын...»

Бірінші қабаттағы асханада да алам аз екен. Түстеніп алған соң бөлмеге келіп, есікті іштен ілдік. Сөзінің «біссімліләсі» әманда «о, әкеңнен...» басталатын Бөкен бұл жолы да «о, әкеңін» ұмытпады.

— Тура 16 желтоқсан күні ғой, ауылдан түс қайта шығып Ұзынағаштан автобуска мініп, Тастақтағы АДК-да құрылыста жұмыс істейтін «корепандарыма» «Өй, Алматыда не боп жатыр?» деп келсем, орыс кемпірдің пәтерінде жан баласы жоқ. Жұрттың бәрі Жаңа алаңға жиналып жатыр дегенді құлағым шалып, дереу сонда ұштым. Кеш түсіп қалған.

Есенқұлдың сыныптасының сөзін бөлмедім. Ұйып тындап отырмын. «Темекі шегуге бола ма?» «Әрине, болады!» Бірге отыратын Гүлсан бастығым еңбек демалысына шыққан, «өзім би, өзім қожа»... Терезеден желтоқсанның ызғары лап қойды. Бұл бөлмедегі менің мәртебемді жақсы білетін Бөкен терезеден соққан ызғарға бетін ұзақ төсеп отырмады, темекісін құшырлана тез-тез сорып алды да, тұқылын алтыншы қабаттан сыртқа қарай саусығына қыстырған күйі шертіп жіберді. Екеуіміз де күлісе ұмтылып, төмен қарасақ, абырой болғанда, айнала қырау басқан биік қарағаштың бұталарынан өзге ештеңе көзге түспеді.

— Қарақұрым жігіттер мен қыздар... Аланның қак ортасында «атой» сап тұрғанбыз. Бір уақытта, о, әкең... тура жон арқамнан онбай тиген соккыдан есім ауып қала жаздады. Жалт қарасам, солдаттар... ұзынтұра, көзі түздай біреуі, екінші мәрте ұрмакка онтайланып қапты. Резіңке таяғынан шап беріп ұстап үлгердім де, өзін тура иегінің астынан қонжиттым. Теректей сулады. Ығы-жығы, мидай араластық та кеттік. Айқай-шу. Ысқырық... Солдаттар қайта-қайта лап қойып, тықсырып келеді. Арқамды оскан резіңке таяқпен оңды-солды, әй, аяусыз-ақ сермедім. Ұрғаным құлайды-и. Маскара... Азғантай топ қоршауда қалып қойыппыз. О, әкең... Сытылып шығу қайда? Қолымдағы солдаттың резіңке таяғын көрсе, өлтіреді ғой. Жігіттермен иық түйістіріп қорғанып жүріп, таяқты жемпірімнің ішіне мұздай күйі тығып үлгердім. Соккы тиген арқам да «күйіп» баралы... Бұ таяқтың не сиқыры бар десенші. Бас-көзсіз төпелеген «жауыздар» тым көп екен, тепкілеп ұрып, қойша топырлатып машинаның бортына отырғызып, Сейфуллин көшесіндегі Ленин аудандық милиция бөліміне алып келді. Абырой болғанда, есік алдында топырлап, қоршауда тұрған біздерді ішке бір-бірілеп кіргізіп, асығыс суретке түсіріп жатты. Қара көленке, шамның жарығы жетпейді, бетон арыкқа байқатпай резіңке таяқты сусыттып түсірдім де, қар араласқан жапырақпен байқатпай көміп тастадым. Құтылдым...

— Мә-ә... Ал, қамаудан қалай құтылдың ? — Бөрімізді нөлінші қабаттағы бөлмеге тоғатты. У-шу...

Азан-қазан. Аяқ-қолы сыңған, көзі шыққан, басы жарылғандар, қан-жоса... Жылаған қыздар. О, әкең... қанның басына тебеді. Не істейсін? Орысша сөйлейтін бір әскери майор, қазақ жігіті, аяқ-қолы бүтін жігіттерге сыбырлап, «кенес беріп» жүргенін құлағым шалды. Қазақтың аты қазақ қой! ІІБ ішкі ауласының бұрышында тікенекті сымтемірі қиылған тесік бар екен. Әскер есіктің алдын қорып жүргенде әлгі тесіктен сытылып, бірнеше жігіттің сонынан мен де шықтым «бостандыққа». Тастақтағы пәтерге қайта келдім. Ешкім жоқ. Екі күн жаттым. Арқам ауырғанын қоймады, қисайып айнаға қарасам, қып-қызыл жолақ оңдырмай ойып түсіпті... Бұл не пәле таяқ?! У қосқан ба? Үшінші күні шыдамадым, сыртқа шықтым. Тролейбуспен әлгі өзін қамалған аудандық милицияның алдынан өттім. Көшеде арлы-берлі өткен некен-саяқ адам болмаса, пенде жоқ. Жықын жердегі аялдама да бос. Бір аялдама төмен өтіп, көліктен түсіп қалдым да, жоғары қарай жаяу өрледім... Арқамды



1986 жыл. 16 желтоқсан. Алматы

ойып түскен резіңке таяқ үшін келгенмін... Жолдың шетіндегі бетон арыққа жапырақпен жаптым деп ем ғой, шамамен қай жерде жатқанын да білем. Қысқасы, сол жер аялдаманың маңы, айналасқап жүріп «өзімнің резіңке таяғымды» тауып алдым. Дерек қолтығама сүнгіттім де, бірінші келген автобуска отырдым. Екі аялдамадан түсіп қалып, автовокзалға тарттым.

Әңгіме арасында Бөкен досым: «Арқамды көресін бе, әлі ізі сайрап тұр» делі. «Ауыра ма?» «Ауырады, бірақ бұрынғыдай емес... Апам «Ой, ку шешек... деп ұрсып алды да, қойдың майын жағып қойды» деп қыр мұрынын бар тартқан батыр досым баданадай тістерін көрсетіп риясыз көңілмен күліп алды. «Жарайды, көрмей-ақ қойың, сезіп тұрмын, тезірек жазылсын»

— Содан ауылға келген соң сарайға кіріп алдым, қолымда қайралған өткір пышақ. Жонарқамнан таспа тілген резіңке таяқтың сиқырын білмекпін ғой. Сөйтсем, о, әкең, резіңке таяқтың ішіне сұмырайлар серіппелі қанылтыр темірді (*пружина*) кесіп, бұрап салыпты. Сермеп ұрған кезде созылады екен, о, әкең... ой, арқам...

Бөкен батырды қайтып кездестірмедім.

90-шы жылдардың ортасында Есенқұл (*Жақыпбеков*) Жамбыл аудандық газетінің редакторы еді, ауданға бір барғанда одан «Бөкен досын қалай?» деп сұрағанмын. «Е, ол «о, әкеңін» айтып, әңдетіп жүр ғой ауылда, малын бағып, көкпарын тартып» деген. Сыр ашпадым.

«1986 жыл, Желтоқсан оқиғасы...» десе менің есіме ең алдымен Бөкен мен оның резіңке таяғы туралы хикаясы есіме түседі.

Талғат СҮЙІНБАЙ,  
Алматы





## Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының бірлескен жобасы



Мүмкіндігі шектеулі жандарды журналистика жанрларын меңгеріп, сауатты жазуға бейімдеуді көздеген «Бәріне ортақ журналистика» курсы биыл екінші рет өткізілді. Әлбетте, үш айдың ішінде бұл саланы жан-жақты меңгеру мүмкін емес. Біз жобаға қатысқандардың қаламын ұштап, өз-өзіне деген сенімін бекітуді мақсат тұттық.

Биыл курсқа қатысушылар газет редакциясынан бөлек, КТК телеарнасының жұмысымен танысу мүмкіндігіне ие болды. Олар камера алдында өзін еркін ұстауды үйренді. Сұхбаттасу мен монтаждау жұмыстарының қыр-сырын меңгерді.

Біздің осынау бастамамыз шығармашылық әлеуеті мол, бірақ соны көрсете алмай жүрген өзге де ерекше жандарға үлгі-өнеге болса дейміз. Шын мәнінде, олардың мүмкіндігі шексіз!

Jas qazaq-тың бастамасына қолдау білдірген «Шеврон» компаниясына терең ризашылығымызды білдіреміз. Еліміздің түкпір-түкпірінде осындай жауапты да сауапты әлеуметтік жобалардың жүзеге асуына тікелей мұрындық болып жүрген компанияның қызметіне табыс тілейміз!

Курсқа қатысушыларға телевизия жұмысымен танысуға жағдай жасап, ақпараттық қолдау көрсеткен КТК телеарнасына алғысымыз шексіз.

Тәлімгерлерге журналистиканың әліппесін үйреткен ұстаз-өріптестерімізге де ризашылығымыз зор.

БӘРІНЕ ОРТАҚ  
ЖУРНАЛИСТИКА

**Айнұр САҒЫНБАЙҚЫЗЫ,**  
«Шеврон» компаниясының коммуникациялар және бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс жөніндегі кеңесшісі:

«Біз инклюзивтік саясатты қолдаймыз. Қазіргі таңда барлық адам білім алуға, оқуға, жаңа нәрселерді үйренуге құштар. «Шеврон» компаниясы экологияны сақтауға, әлеуметтік жобалардың өрісін кеңейтуге, жас ұрпақтың білім алуы мен жасыл экономиканың дамуына арналған жобалардың жүзеге асуына атсалысып келеді. Jas qazaq газетінің мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жобасына қолдау көрсету біз үшін өте маңызды. Курстың ерекше жандарға берері мол. Әрбір мүмкіндігі шектеулі жан — қоғамның бір мүшесі. Олар осы курс арқылы өздерін дамытып қана қоймай, жаңа дағдыларды меңгеріп, бойындағы ерекше қасиеттерін ашады. Өмірге бейімделіп, қоғамның маңызды бір бөлігіне айналады».

**Захра МАХАНОВА,** тәлімгер:



«Мен бұл жобаға екінші рет қатысып отырмын. Биыл курстың ауқымы кеңейді. Өйткені газет

редакциясымен қатар, КТК телеарнасының ғұмаратында өткен сабақтарға қатыстық. Біз телеарнадағы жаңалықтар бөлімінің жұмысымен танысып, сұхбат алу, монтаждау жұмыстарымен таныстық. Одан бөлек, Jas qazaq газеті кәсіби түрде мақала жазуды үйретті. Алдағы уақытта журналистика саласында жұмыс істеуге ұсыныс түсіп жатса, қуана келісер едім. Журналистика жанры менің жан-дүниемді баурап алды. Әлі де үйренерім көп».

**Эльмира ОРАЗБАҚОВА,** тәлімгер:



«Кітапханашы болғандықтан, мақала жазу, мәліметтерді іздеу, аударма жасау жұмыстары маған таныс. Бірақ «Бәріне ортақ журналистика» курсына қатысқан күннен бастап журналистиканың сан қырлы жанрлары туралы мәлімет алдым. Өзіме таңсық көптеген дүниелермен таныстым. Ең ұнағаны спорт саласының ардагерлері мен өнер адамдарымен сұхбаттасу болды. Олардың өмір жолымен танысып, балалық шақтың қызықты оқиғаларын тыңдап қана қоймай, қағаз бетіне түсіру — мен үшін үлкен тәжірибе. Бұл курс маған қатты ұнады.

Журналистика саласына бала кезден қызығатынымын. Азғантай уақыт ішінде өзімді журналист ретінде сынап көрдім. Әсіресе, камера алдында сөйлеу, жаңалықтарды оқу — курс барысындағы ең қызықты сәттердің бірі дер едім».

**Айдана МЕЙІРЖАНОВА,** тәлімгер:

«Журналистика курсы туралы алғаш рет естігенде қатысуға бірден келісім бердім. Бірінші сабақтан бастап курсқа қызықтым. Өйткені мұнда тәжірибеге басымдық берілді. КТК телеарнасында жаңалықтар бөлімінің қызметімен танысып, монтаждау бөлмесінде бір сюжеттің қалай жасалатынын көрдік. Сол сәтте бірден туындаған сұрақтарымды телеарна тілшісіне қойып, сұхбат алдым.

Өзіміздің дайындаған шағын жазбаларымыз газет бетінде және сайтында жарияланды. Курстан көп нәрсе үйрендім, әлі де үйренерім көп».



**Гүлһая ЖУАШБАЕВА,** тәлімгер:

«Журналистика маған таныс сала. Жұмысым мақала дайындаумен тікелей байланысты болатындықтан, мәтін жазу жағы маған қиын емес. Дегенмен бұл курста үйренгенім көп. Өзіме қажетті ақпараттарға қанық болдым.

Ең бастысы, жан-жақты дамуыма ықпал етті, өз мүмкіндіктерімді шыңдап, кеңейтуге үйретті».



**Бақкелді ҰПАН,** тәлімгер:

«Мен бұл жобаға Қонаев қаласынан қатыстым. Негізгі сабақтарға қатысу үшін Алматыға арнайы келіп жүрдім. Ал тәжірибеге қатысты тапсырмаларды онлайн алып, орындадым. Өзім банк саласында қызмет етсем де, журналистика саласы маған өте қызық болды. Әсіресе, курс барысында ақпарат жазу, өңдеу, орыс тілінен аудару, инфографика жасау сынды тың дүниелерді үйрендім. Тәлімгерлер кез келген уақытта қолдау білдіріп, бізді толғандырған барлық сұрақтарға жан-жақты жауап беріп отырды. Бұл курстан мен нақтылықты, тиянақтылықты үйрендім. Журналистикаға маманданған жандардың өз ісіне тыңғылықты екені тәнті етті».



**Ақниет ЖҮНІСБЕКОВА,** тәлімгер:

«Осы курс басталған кезде Абай атындағы ҚазҰПУ-нің физика-математика факультетін тәмамдап жатқам. Журналистика курсы мені өзіне баурап алды. Өзіме мүлдем бейтаныс саланы меңгеремін деп тіпті де ойламаппын. Бірақ сабақтың қызық болғаны социалық, апта сайын асыға күттім. Газетке ең алғашқы шағын мақала жарияланғаннан кейін, құлшынысым арта түсті. Журналистиканың сан-салалы жанрлары баурап әкетті. Біз курс барысында мақала жазудан бөлек, адамдармен қарым-қатынас орнату, сұрақ қою, газеттің дизайнын жасау мен видео ақпараттарды монтаждауды үйрендік. Қай жанр болмасын, осы саланың ең үздік мамандары бізге дәріс берді, әрайым қолдау білдірді. Журналистика саласы туралы толыққанды ақпарат алдық. Бізге осындай мүмкіндік берген жоба демеушісі мен ұйымдастырушыларына алғыс білдермін. Осындай әлеуметтік жобалар жылы сайын жалғасын тапса деген тілек бар».



**Жанерке ТӨЛЕГЕН,** тәлімгер:

«Бәріне ортақ журналистика курсы маған көп септігін тигізді. Курс сабақтарына Орал қаласынан онлайн қатыстым. Тәлімгерлер апта сайын журналистиканың жанрларын түсіндіріп, бірден тапсырма беріп отырды. Мен курс аясында қаламымды шыңдап, көкейімде жүрген ойларымды қағаз бетіне түсірдім. Бізге мүмкіндік берген курс ұйымдастырушыларына алғысым шексіз. Осындай әлеуметтік жобалардың жалғасын тапқанын қалаймын. Біз сияқты ерекше жандарды қоғамға бейімдеп, өз мүмкіндіктерін қолдануға демеу болғандарыңызға рақмет».

Дайындаған  
**Макпал НОҒАЙБАЕВА**  
Суреттерді түсірген  
**Ғалия ҚАЛИЕВА,**  
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

**Бас редактор — директор**  
**Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ**  
Редакция алқасы:

**Қуаныш НҮРДАНБЕКҰЛЫ** жауапты хатшы

**Ғалия ҚАЛИЕВА**  
компьютер орталығының жетекшісі

**Тілшілер мен қызметкерлер:**

**Гүлнар АХМЕТОВА** — экономика, нарық

**Макпал НОҒАЙБАЕВА** — арнаулы тілші

**Ернұр КЕНЖЕБАЙ** — шолушы

**Кәмшат ТӨЛЕШОВА** — теріміші

**Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ** — web-caim

**Аймақтағы меншікті тілшілер:**

**Мерген ТОКСАНБАЙ** —  
Ақмола және Солтүстік Қазақстан  
облыстары (8 701 312 39 34)

**Кажет АНДАС** — Алматы облысы  
(8 747 706 13 82)

**Нұргүл НАСЫР** — Атырау облысы  
(8 702 959 80 08)

**Мөлдір КЕНЖЕБАЙ** —  
Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

**Ұлдай САРИЕВА** — Батыс Қазақстан облысы  
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор  
**Макпал НОҒАЙБАЕВА**

Меншік иесі:

**«Аманат Медиа» ЖШС**

Директордың

орынбасары

**Мейрамбек**  
**ҚҰЛМУХАМЕДОВ**

Бас есепші

**Расима**  
**ӘКІМБЕКОВА**

**Редакцияның мекенжайы:**

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат  
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)  
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25  
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)  
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №1094;  
Бағасы келісім бойынша

Таралымы — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,  
сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.

Jas qazaq газеті «Караан», «Хорошие новости плюс» және KOK TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі  
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 күзлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.